

Бақриденқызы Бәтима

БАЛҚАЖМАУ

АСЫЛ БЕСІГІМ

Қарағанды, 2005

Бакриденқызы Бәтима

**БАЛҚАНТАУ —
АСЫЛ БЕСІГІМ**

Қарағанды — 2005

ББК 84(Каз) 7-5
Б 21

Б 21 Бақриденқызы Б.
БАЛҚАНТАУ — АСЫЛ БЕСІГІМ: Өлеңдер жин. —
Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — 97 бет.

ISBN 9965-745-38-2

«Балқантау – асыл бесігім» атты бұл кітаптың біраз бөлігі кезінде Егіндібұлақ аудандық «Ленин туы» және Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланып, көпшілік оқырман тарапынан жақсы баға алып отырған болатын. Нәтижесінде, жинаққа енген біраз өлең ел ішіндегі той-думанда, алқалы жиында айтылып жүр.

Адамды, әсіресе ақынды, мағынасыз көп сөз өтірікші етеді. Сыршыл әрі сезімтал адам көпке сыйлы, сонымен қоса еңбекқор келеді. Ауыл мәдениетінің өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген Бәтима апай осы айтылғандардың алдыңғысынан ада, ал екіншісіне сай келетін адам. Оның адамдық парасатқа, туған жерге, туған елге, қасиетті бабаларға арналған әлеуметтік-лирикалық өлеңдерінің рухани құндылығында дау жоқ. Оқу және пікір айту – оқырман қауымның иелігінде.

ББК 84 Қаз 7-5

~~www.kazgenda.kz~~

ф.ғ.д., профессор М.Хамзин;
ф.ғ.к., доцент Қ.Салғара

Б $\frac{4702250202}{00(05) - 05}$

ISBN 9965-745-38-2

© Бақриденқызы Б., 2005

СӨЗ БАСЫ

Қыздар мен әйелдердің ауыл өнері мен мәдениетін дамытуға, жастарды рухани тәрбиелеуге қосқан үлестерін бір сөзбен айтып шығу мүмкін емес. Осы парасатты еңбектің бір белгісі ретінде, назарларыңызға Қарқаралылық танымал ақын Бақриденқызы Бәтиманың «Балқантау – асыл бесігім» атты өлеңдер жинағын ұсынып отырмыз.

Біз осы кітаптың қолжазбасын оқып отырып, кейіпкерлерін еске алсақ, құдыретті бабаларымыздың, ел ішінде еңбегімен қадірлі аға-апаларымыздың және замандастарымыздың өздерін көріп, сұхбаттасқандай боламыз. Өйткені, олардың бірі жас күнімізден құлағымызға аты сіңген әйгілі кемеңгер, ал басқасы өздерін көзіміз көрген бір елдің азаматтары: тек, бірі ерте, бірі кейін өмір сүрген, ал біразы өзімізбен бірге арамызда қазір өмір сүріп жүрген, бір жердің перзенттері.

Кітаптың қолжазбасын қолымызға ұстап отырып, жинақ авторы Бәтима апайдың туған жері, өскен елі және балалық шағы туралы ойға шомдық. Сарыарқаның шығысында өмірге келіп, Қазақтың тал бесігінде тербеліп, ананың «әлдиінен» бастау алып, қазақ жырының ырғағымен тілі шығып, санасы оянды. Одан әрі балалық шақ, мектеп ..., өмір мектебі.

Жарық дүниеге өнер үшін келген Бәтима апайдың өмірі қиында-қызықты, қарама-қайшылығы да көп, бірақ нәтижелі болды. Бір әйел адамның басында бес қасиеттің бірдей болуы - әйел - ана, әйел - әнші, әйел - ақын, әйел - емші, әйел - еңбеккер, әлбетте, ол адамға қарама-қайшылықсыз ғұмыр кештірмесі баршамызға түсінікті болса керек.

Ақын адам үнемі сапар шегеді. Ол ел аралайды, жер көреді, белгілі адамдармен сөйлеседі, өскен өлкесінің тау-тасымен сырласады, өзен-суының үнін тыңдайды. Осыдан барып туған жер туралы, туған ел туралы, ел адамдары туралы тылсым сезім пайда болады. Сезімтал, нәзік жанды ақын осының бәрінен рухани әсер алып, өз сезімін мөлдір жырға айналдырып, көпшілікке тарту етеді. Тумысында табиғатына біткен әншілік, ақындық, емшілік өнерін от басы-ошақ қасы қылмай, үнемі шындай білген адам. Сондықтан болар, ақын апамыздың туған жерге деген ыстық сезімі тамаша жыр тудырып жүр.

Адам өмірінің мәні де, сәні де – туған жері, туған елі. Өгей баланың өзгеге сіңіп кетпейтіні, ал өз еліне қатыгез болатыны осыдан шығар. Туған жердің тылсым тынысы, туған елдің тіршілігі қашанда елім деп еңбек еткен ақынның шабыт көзі, жырының жанды өзегі.

Менің санамда әйел-ана, әйел-әнші, әйел-ақын, әйел-емші, әрі әйел-еңбеккер деген ұғымдар бір адамның басында тым үйлеспейтін секілді. Өйткені, бірін ұқсатсаң, екіншісі шала қалады, бірін кастерлесен, екіншісі ескерусіз қалады. Бұл ұғым менің санама әу баста, Бәтима апай тұрмысқа шыққанда ұялаған. Мектепте өлең оқып, ән салған Бәтима апайдың үй шаруасымен, бала тәрбиесімен отырады, тіпті кісі емдейді деп, үш ұйықтасам түсіме кірмеген. Бірақ, әкесі Бакриден ақсақалдың ерен емшілігі елде белгілі болған – киелі адам болыпты.

Десек те, Бәтима апайдың өзі де бөлек, бұл кісіге деген тағдырдың сыбағасы да бөлек болып шықты. Сыбырлағанды құдай естімейді дейсің бе дегендей, еңбекқорлығының арқасында осыдан жиырма жылдай бұрын жоғарыда айтылғандай әйел-ана, әйел - әнші, әйел - ақын, әйел - емші, әйел - еңбеккер ұғымдары бір адамның – Бәтима апайдың басында қалыптасып болды. Шынымды айтайын, өзімнің алғашқы ойымнан өзім ұялдым. Мүмкін, қаймағы бұзылмаған қазақ ауылында туып өскендігімізден әрі үлкенді сыйлаған тәрбие алғандығымыздан болар, үлкендер туралы теріс ойлау да өрескел пиғыл деп жүрміз ғой және жастарды осылай тәрбиелейміз ғой.

Ауылының шаруашылығының өркендеуіне еңбегімен елеулі үлес қосып жүрін, бұл кітаптың авторы ардақты ана болды, ақын болды, әнші болды, ал емшілігі жеке әңгіме. Міне, осындай апамыздың бұл еңбегі партия қолпаштап, қолдан жасалған туынды емес, жүректің тереңінен шыққан толғаулар жинағы. Бұл – өлеңін оқыған адамның санасына, жүрегіне жол табатын, Бәтима апайдың ақылы мен сезімінің жемісі. Бар жоғы он жылдық мектеп бітірген, әдебиет саласында арнайы білімі жоқ қазақ әйелінің туған жеріне, өскен еліне деген мейірімінің, еңбекқорлығының, табиғи дарындылығының және төзімділігінің жемісі. Ойлап отырсақ, осы айтылғандардың барлығы қолдан жасалған немесе ойдан шығарылған дүние емес. Апайдың бала күнінен құлағына сіңген «ббалар рухы» және күнде көріп, бірге

өскен замандастарының өмірі. Сондықтан, біз мұны Бәтима апай поэзиясының мағыналық ерекшелігі – шынайылығы деуіміз керек. Олай дейтініміз Бәтима апай Қазыбек би, Тәттімбет туралы

толғауларында бабалар өмірін, олардың іс-әрекетін көңілге қонымды және ақылға сыйымды қылып суреттеген. Жасандылық, әсірелеу жоқ. Ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп келе жатқан бабалар үнін құрметті қариямыз Баймағамбеттің Жәкеші қалай әңгімеледі, Бәтима апай да өлең түрінде солай елге жеткізді. Қолдан қосқан не ойдан шығарылған әсірелеу немесе мадақ жоқ. Шындықтың шынайылығы сақталған.

Сонымен қоса, Бәтима апай өз замандастарының өмірін де қаз-қалпында суреттеген: өңі - қалыпты, бояуы - шынайы. Ақын жүрегінің тереңінен шыққан сезімін өлең сөзбен айтып шыққан. Біз бұдан, ақындық өнерді арнайы меңгермеген, даланың тума дарынының өлең өрімін келтіруде жеткілікті биік төбеге шыққанын түсінеміз. Қадірлі бабаларымыз ұл бала алты жасқа толып, тайдың жалын тартып мішгенде, «шыққан төбең биік болсын» деген батаны тегін бермеген ғой.

Бәтима апайдың туып-өскен елі – Егіндібұлақ өңірі – Сарыарқаның шығысында, Қарқаралы ауданының солтүстік шығыс бөлігінде орналасқан. Бұл аймақта Достар, Үшқара, Айыр, Түлкілі, Қоянды (екі), Арқалық, Едірей, Қаратау, Сарытау, Жыланды, Доғалаң, Дің таулары бар. Таулы-шоқылы өңір сан-алуан өзен аңғарларымен, шатқалдармен, сайлармен тілімденген. Тау етектерінен көптеген бұлақ бастау алады. Талды, Түндік, Бала түндік, Ащыөзен өзендері ағып өтеді. Балықтыкөл, Қарасор, Саумалкөл секілді ірі көлдері бар. Тау аралық аңғарлары мен жыраларында тал, қарағай, қайың, әр түрлі бұталар, тобылғы, қараған өседі. Боз, бетеге, жусан, сонымен қоса, сан түрлі астық тұқымдас шөп өскен шалғындар бар. Таулы, аңғарлы өлкеге тән, бұл өңірде арқар, бұлан, елік, қоян, қасқыр, қарсақ, түлкі, аққу, қаз, үйрек, дуадақ, құр т.б. аң-құстар тіршілік етеді. Сирек болса да ақбөкен, бүркіт кездеседі. Туған жер мен табиғат жаратылысының осы үйлесімі бұл өңірден аты жалпы қазаққа танымал, атақты адамдардың шығуына негіз болды.

Өлке – Қазақтың ардақты перзенті Қаздауысты Қазыбек бидің елі. Сонымен қоса, бұл өңірде қазаққа аты мәлім Бекболат

би, Тіленші би, Алшынбай би, және ел басқарған әрі он саусағынан өнер тамған күйші Тәттімбет Қазанғапұлы өмірге келін, еліне қызмет еткен. Ұлы Абайдың нағашы жұрты да, қайын жұрты да осы ел.

Бәтима апайдың өнерінің негізгі бір саласы туған жер тақырыбы. Ақын туған жерінің әсем бедерінен, табиғатының тылсым сырынан, тау бұлағының сылдыры мен сай самалының лебінен рухани нәр алып өсті, кемелденді. «Туған жер – алтын бесік» деп, қазақ тегін айтпаған ғой. Сондықтан туған жер тақырыбы бұл жинақта бірінші тарау болып алынды. Ақын туған жеріне деген перзенттік сезімін өзінің күнделікті от басының тіршілік қаракетінен жоғары қойды.

Кеңестік дәуірде әдебиет теориясы саласында еңбек еткен қазақ ғалымдары еуропа ғалымдарына еліктеп: «Ұйқас табиғатындағы дыбыс байлығының үстіне, өлең тармақтарының күллісі дыбыс үндестіктерінен басталады», «Өлеңдегі үндестік дыбыстар жүйесінің орналасу тәртібінен туатын қасиеттердің бірі», «Қазақ өлеңінің дыбыстық өрімі» т.б. тіл табиғатына жат ұғымдар енгізді. Қазақ өлеңі әу бастан тыңдаушыға арналған. Сондықтан, қазақ өлеңінің буындық-бунақтық құрылымы бар тармақтары тепе-тең, сайма-сай сәйкес келіп отырып, шумақтың дыбысталуын әсем әуенмен көмкерген.

Адамның ойын көз жанарынан таныған ойшыл-психолог, кемеңгер Қаздауысы Қазыбек би өлең кестесінің келбеті мен ұйқасын ерекше келтірген, ал айтпақ ойы өлеңге мазмұн болған:

Атадан жақсы ұл туса,
Елінің оңы болған.
Атадан жаман ұл туса,
Көшінің соңы болған.

Кемеңгер бабамыздың бір шумақ өлеңінен аңғаратынымыз: ол шумақтың сәйкес тармақтарының ұйқасын тұтас келтірген.

Қазақтың өлең жүйесінің тұрақтылығы - өлең шумағының тіл табиғатын сай құрылуында. Классикалық қазақ поэзиясының буынға негізделген силлабиялық құрылымы – фонологиясы мен сөз просодиясы буынға негізделген сингармониялық қазақ тілінің төл табиғатына сай қалыптасқан.

Қазақ өлеңінің шумақ кестесінің көріктілігі, өлең жолдарының бейнелілігі, өлең кестесінің ырғақтық-тембрлік өрнегі, ұйқас дәстүрі, жалпы мелодикалық-интонациялық құрылымы сингармониялық қазақ тілінің төл табиғатына сай келгенде ерекше болатынын аңғарамыз.

Көпшілікке танымал, белгілі ақындарды алатын болсақ, олардың бар өлеңін ешбір адам оқымайды, егер оқыған күнде, оны жаттамайды. Кез-келген ақынның суреттеуі мен бейнелеуінің бірегейлігі – бұл адамның қолтаңбасы, ақындық дарынының белгісі. Ақынның іш дүниесі, ойы, толғауы бірегей қалыптасады. Сондықтан бір ақынның өлеңдерін үзіп-үзіп оқығанның өзінде, олардың бірегей әсер ететіні түсінікті.

Бәтима апайдың бар алған сабағы ауыз әдебиетіндегі өлең өнерінің үлгілері болды. Сондықтан, тек үздіксіз ізденістің нәтижесінде, елдегі той-думанның көркі бола жүріп, әнші-апамыз ақын-апамыз болып қалыптасты. Оның үстіне туған жері, өскен елі ән мен күйдің елі ғой. Алғашқы өлеңдерінен бастап, кейінгі өлеңдеріне дейін сараласақ, ақынның осы аралықтағы өсу, жетілу, кемелдену жолдары сайрап жатыр.

Кез-келген ақын өзінен бұрынғыларды пір тұтып, өнеге алып, өзі соларға ұқсауға тырысады. Бұл тұрғыдан Қарқаралы өңірі өткен дүлдүлдерге кенде емес. Қарқаралы дуанының аға сұлтаны Құнанбайдың өзі, баласы – Абай, немересі – Шәкәрім, орта буын – Шәшубай, кейінгі Қасым Аманжоловтар – бәрі-бәрі бір-бір асқар шың, арнайы оқымаған – туа дарындар еді. Міне, ұлағатты адамдардың өнегелі өмірі жас Бәтиманы өнерде бейтарап қалтырмады, оны өрге жетеледі.

Қазақтың туған жері қандай салмақты да сабырлы, ойлы да момын болса, туған жерінің табиғаты да сондай салмақты да сабырлы, ойлы да момын. Осы топырақ пен табиғаттың перзенті қазақ ұлтының ұлдары мен қыздарының салмақты да сабырлы, ойлы да момын әрі төзімді болуы осы себепті шығар (мұны жат жұрттық саяхатшылар мен ғалымдар да айтып жүр).

Өлеңде мағынамен қоса ұйқас пен ырғақтың болуы инерт. Бұл өлең сөздің мәнін арттырып, Абай айтқандай «тілге жеңіл, жүрекке жылы...» етеді. Біз «интонация және мелодика» деп жүріп, ХХ-шы ғасырдың екінші жартысында қазақ өлеңінің

тоникалық өлең шумағы болып кеткенін біріміз аңғарған жоқпыз, ал екіншіміз оны жетістік санадық.

Классикалық қазақ өлеңін «қара өлең» деп кемітіп, апарып тастадық. «Біз қазақ өлеңтану ілімінде интонация жөнінде жеткілікті түйіндеулер болмағандықтан, советтік өлең теориясындағы ой-пікірлер жөнінде айта кетуді жөн көрдік» деп жүріп, қазақ өлеңінің сингармониялық тілге сай табиғи құрылымын бұздық, нәтижесінде қадірін кетірдік.

Қазақ өлеңінің құрылымы. Өлеңнің жүйелі құрылымы интонация және мелодика мәселелері арқылы шешіледі. Шарықтай дамыған, кемелденіп қалыптасқан қазақтың өлең жазу дәстүрі буындық негізде болып, бунақтың (ырғақтық топтың) ырғағы мен әуезділігіне сай қалыптасқан. Бұл өлең тілі синтаксисінің, жалпы қазақтың сөйлеу, жазу жүйесінің негізі. Сонымен қоса, өлеңнің қара сөзден айырмасы: 1) ұйқас тармақтардағы бунақ санының әрі сәйкес бунақтардағы буын санының тұрақтылығы; 2) сәйкес тармақтардың соңындағы буынның (буындардың) ұйқас дыбысталуы. Ал, өлең шумағын интонациялық (әуездік) әрлеу дыбысталуда бунақтардың тембрлерінің ауысып, құбылып тұруымен жасалады. Бір бунақтың өн бойында біркелкі, біртекті тембр қамтамасыз етіледі, ал ұйқас тармақтардың соңғы бунағында үндес тембр сақталады. Міне, бүгінгі біз жоғалтып алған асылымыз осы.

Сонымен, қазақ өлеңінің терең мағынасы, әсем үні, сыйқырлы күші, осыған орай, тыңдаушыға әсері шумақ тармақтарындағы бунақтардың жүйелі орналасуына әрі тіл табиғатына сай, көп түрлі тембрлі дыбысталуымен жасалады.

Бұл орайда қаймағы бұзылмаған қалың қазақтың арасынан шыққан Бәтима апай ол еліктеуден аулақ, қазақтың қалыптасқан өлең жазу дәстүрін бұзған жоқ. Арнайы оқыған жоғары білімі болмаса да, өлең келбетін, өлең реңін келтіруде, мағына айқындығын қалыптастыруда оқығандарға үлгі боларлық. Олай дейтініміз, заманымызға сай, оқығандықтың бірінші белгісі сингармониялық көп тембрлі тілде бұзып сөйлеу болса, ал екінші – екпінді сөзді өлең жазу болды. Бір сөз жазып нүкте қоюды дағдыға айналдырдық. Қазақ тілінде бір сөз мағына білдірмейді, бір сөз сөйлем болмайды. Бұл туралы профессор Ж. Жақыпов

жан-жақты айтқан болатын. Оны елеп, негізге алып жүрген ешкім жоқ. Баяғы жартас, бір жартас...

Кемелденген Кеңес дәуірінде, рухани өміріміздің жетімдіктен жүдеген кезінде, Бәтима апай да заманына сай өлең жазды. Біз мұны жалғыз оның ғана қылығы деуден аулақпыз. Көппен бірге, заманы қалай болса, тымағын солай киді. Сол кездегі өлеңдерін сый-құрметке ие болу үшін немесе орден-медал тақсам деп жазған жоқ. Ел ішінде тұруы, ауыл-ауылды жиі аралауы, туған жерін, елін құрметтеуі және ауыл адамдарының тіршілігін, мұң-мұқтажын дәл түсінуі оның поэзиясына нәр беріп тұрды. Көппен көрген ұлы той деген осы ғой.

Жеріңе, еліңе, қызмет ету – кіндік қаның тамған туған жеріңнің, еліңнің алдындағы перзенттік парызың. Ұлық болсаң да, ғалым болсаң да туған халқыңның алдында бұлдана алмайсың. Еліңнің алдында бұлдану – надандықтың белгісі.

«Өз елінің азаматы болу» деген қасиетті сөздің мағынасы – табиғи дарынына сай еліңе ерінбей қызмет ету. Туған жерінің сұлулығын, қасиетін, туған елінің қадірін және табиғи жаратылысын терең түсінген әрі құрметтеген адам ғана өзінің перзенттік борышын толық ақтай алады. Сондықтан болар, өмірде сан-салалы мамандық игерген ақын – Бәтима апай ел аралап, үнемі жол үстінде болумен келеді. Өйткені, ақын туған еліне деген перзенттік сезімін өз қамынан жоғары қойды.

Қазақ «құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады» деген мақалды тегін айтпаған ғой. Бәтима апайдың жан-жақты дарынының жарқырай ашылуының негізгі екі негізгі себебі бар. Бірінші – өмірлік серігі – күйеуі Мағдат, ал екінші – енесі-анасы Жолдыбала анамыздың ерен еңбегі. Күйеуі Мағдат жары Бәтиманың өмір жолында «Сен олай істе, сен бұлай істе»,– деп бір ауыз сөз айтып көрген емес. Ал, Жолдыбала анамыз мүмкін оны жалғыз келіні болған соң, еркіне жіберген шығар. Десек те, он бір немерені жетелеп өсіріп, жеткізу бір әженің қолынан келді деу, екіншісі сенбейтін парасатты іс. Келінім құлыпта ән салды, тойда өлең оқыды, мектепте балаларды айтыс өнеріне тәрбиелеп жүр, кісі емдеп алысқа кетті, ал үйге қарамайды, – деп бір ауыз сөз айтпады және айтпаған күйі өмірден өтті ғой. Балалық (келіндік) парызын Бәтима апай анасына өлеңмен өрнектеді:

Құтты болсын мейрамың енем-анам,
Құттықтаған өзіңізді келін балаң.
Анамның бойындағы қайрат-өнеріне,
Жаңа көрген адамдай қайран қалам.

Сондықтан болар, атам қазақ айтқан:

Жақсы ауылға келген келін – келін,
Жаман ауылға келген келін – келісап!

деген сөздің мағынасы осы шығар.

Бахриденқызы Бәтима 1940 жылдың 22-ші ақпанында бұрынғы «Қазыбек би» ауданында дүниеге келген. 1957 жылы еңбек жолын Қарағанды қаласында «Клуб қызметкерлері курсы» тәмамдап, Қу ауданық мәдениет бөлімінен бастады.

Алпыстың биігіне көтеріліп, кемелденген Бәтима апай алдағы уақытта да ақындық өнерін шарықтата береді әрі ауыл мәдениетін көтеруде елеулі үлес қоса береді, – деп сенімдеміз. Міне, Бәтима апайдың өмірдегі және өнердегі өнегелі өмірінің қысқаша суреттемесі осындай.

Қазақтың қанында ақындық пен шешендік өнері егіз біткен. Бұларды айырып талдауға болмайды. Өйткені, ақындық пен шешендік қазақ санасының (ойлау жүйесінің) қызмет атқаруының жемісі. Демек, табиғи жаратылыстың айғағы. Сондықтан, көпшілік қауымға ұсынылып отырған бұл еңбек жат жұртты тамсандырған ұлттық дәстүріміз – ақындық өнерімізді – қазақтың классикалық өлең шығару өнерін қалпына келтіріп, оны қаймағы толық бұзылып үлгермеген қазақ ауылында бала тәрбиесінде, ұрпақ мүддесінде оңтайлы да шебер пайдалану үндестікке негізделген бірегей тіл – ана тілімізді қайта қалпына келтіруде ерекше құрал бола алады деп сенімдеміз!

Сонымен қоса, кітаптің сәтті шығуына теруші әрі корректор Ербол Тасболатұлы ерен еңбек етті. Тәңірім оған бақыт берсін!

Рысбек БҰЛАСАЙ



Бәтима – Ана



Бәтима – ақын

1990-жыл



Бәтима – әнші



Бәтима – қызметкер



Бәтима – емші



Бәтима апай отбасында



Балқантаудың басындағы
тас мүсін
(Акселеу Сейдімбектің суреті)

ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАУЫ



**Жолдыбала ана балаларынын
арасында**

Туған жер

Ыстық маған Балқантау әрбір тасың,
Таста жазып қалдырған әркім атын...
Көзім көріп тұрса да етегіңде,
Шың басыңа шамам жоқ шыға алатын.

Талай жастар басыңнан арша алатын,
Шаршап келсе, ата-ана қарсы алатын.
Маужыраған кешің де әлі есімде,
Алтыбақан басында ән салатын.

Шәкірті едім мен-дағы бір мектептің,
Етегіңде Балқантау шаңғы тептім.
Ержеткен соң табиғат заңыменен,
Елден ұзап бірер жыл аулақ кеттім.

Теруші едік қарақат, бүлдіргенін,
Достармен алаңсыз бір жүргенмін.
Саған келсем туған жер анда-саңда,
Көз көрген қарттарыма бас игенмін.

Туған жер, мені өзіңе жетеледің,
Баурайыңда балаң боп еркеледім.
Жастықта тым алысқа кетсем егер,
Өмірден өкінішпен өтер едім!

* * *

Туған жер толғауы

Тойларына келдім мен жырымды алып,
Шабыт берген шынайы сырымды алып.
Алпыс жылда ауданым өркендеді,
Табыстың тек әрдайым шыңын алып.

Тұрушы еді етекте жалғыз талын,
Көрген ғана айтады оның барын.
Бізден кіші жастарым біле ме екен?
Бүгін міне ауданым жасыл-бағым.

Қырық бесте бес жасар балаң едім,
Өткен күнді есіңе салар едім.
Ерлер кеткен майданға туған жерден,
Қалған үйде анаммен бала едім.

Соқа айдап, егін салып, малын бағып,
Кешке үйіне аналар қайтушы еді.
Диірмен тартып әр үйде бүлдіршіндер,
Сұм соғыс бітсе екен деп, айтушы еді.

Құрылды батыс жақта жел диірмен,
Кейіннен диірмен үшін суды иірген.
Отан – ана заводын салып беріп,
Тарап жатыр тоқшылық әр үйіңнен.

Теруші еді аналар тезектерді,
Аралайтын қаппенен өзектерді.
Сол бейнеттің барлығы артта қалып,
Ток пен көмір-газына кезек келді.

Ат арбасын, өгізін сайлап алып,
Отын алған ағайлар тауға барып.
Өткен күнді еске алып қариялар,
Жастарға айтып отырса, ойға алып.

Білмеймін өзім неше жастамын,
Білемін ауданда қолдан пима басқанын.
Қай жылдары құрылды екен-дәлелдеуге,
Ата-анаңнан сұраңдаршы жастарым.

Ашылды тігін артель ауданымда,
Биғайша апай отыратын барғаныңда.
Халқына пальто-костюм тігіп беріп,
Тұратын қол машина алдарыңда.

Бұзау-торпақ жегіп алып шанаға,
Суға барған талай бала «Дараға».
Колонкасы үйге жақын болған соң,
Осыныма қазір жастар нана ма?

Елімнің шыға берсін өрендері,
Көбейсін күннен-күнге көлемдері.
Ынтымақ-тірлік болса бұл өмірде,
Отанның ақталып тұр төлемдері.

Айта берсем бітпейді ұзақ дастан,
Мен айттым коргенімді бала жастан.
Естіген мұны осында қариялар,
Бәрі рас деп жастарға жариялар.

Көрмегендер әлде өтірік дер ме екен?
Білгенімді айтпай қалай мен кетем.
Орындаған халқымның армандарын,
Партияға алғыс айтып, тағзым етем.

Құттықтаймын туған ел, достарымды,
Риза болып Отанға үлес қосқаныңды.
Мен тілеймін баянды бейбітшілік,
Ашық болған алаңсыз аспаныңды.
Құтты болсын алпыс жылдық тойларыңыз,
Орындалсын алға қойған арманыңыз.
Дені сау боп халқымның, еңбекте озып,
Кілең бәйгеден көрінсін ауданымыз.

Балқантау саздары

Қалмақ ханын он төртте сөзбен қысқан,
Қаздауысты Қазыбек бабам шыққан.
Қазағымның тарихы қайта түлеп,
Бабаларды бұл дәуір үлгі тұтқан.

Қазыбек бабамыз,
Ол біздің данамыз.
Шешендік сөздерін,
Үлгі етіп аламыз.

Балқантаудай жер барма далаңызда,
Төлге толған сайы мен саламыз да.
Мақтанышы өнердің әуел бастан,
Жүсіпбек пен Айтбайдан кім бар асқан.

Өнерпаз елденбіз,
Ән салып бергенбіз.
Туған жер жидегін,
Бәріміз тергенбіз.

Алдыңызға келіп тұр ардагерлер,
Еңбек етіп, от кешкен майдангерлер.
Тәттімбет, Нығымет – қайраткердін,
Жолын қуған шетінен ізбасарлар.

Балқантау жерім-ай,
Еңбекшіл елім-ай.
Береке дарыған,
Жақұтты жерім-ай.

* * *

Қарағанды наурызына

Армысыздар көмірлі қала халқы,
Бармысыздар елден кеткен жасы-қарты.
Егемендік келді де елімізге,
Қауыштырды сәнімен Наурыз салты.

Сәлем ал Сарыарқаның даласынан,
Кем қалмаған талайлар баласынан.
Қазыбек би, Алшекең, Тәтекеңдер,
Тарихта өшпес мәңгі аты қалған.

Ынтымақпен ырыс тілеп қазағымыз,
Ыстықтай қайнап тұрар қазанымыз.
Жаңа жылда жақсылық тілеп тұрып,
Жақсы үмітпен кешіреміз жазаны біз.

1989 ж.

* * *

Жәрмеңке әні

Жариялылық жөн сілтеп халқымызға,
Қайта бастап көш дейді салтымызға.
Шабыт беріп жаңалық, түрленіндер,
Ұмыт болған дәстүрді үйреніндер.

Жәрмеңкеге қалаға әнмен келдік,
Баршаңызға иіліп сәлем бердік.
Мағыналы-мақсатты мәнмен келдік,
Дайындалған табиғи дәммен келдік.

Әй-әй қалқам, Сіздерге айтам,
Сатып ал деп, сарқытқа бәріңе айтам.
1990 ж.

* * *

Көш әні

Ел аман, жұрт тынышта
қалаға көшкен аға-жеңгеме.

Мекен салған Мүсекең атам болған,
Менің әкем Бахриден отау қонған.
Бір жұмыспен келмеске кетіп әкем,
Осы үйде Дәкем мен анам қалған.

Атай келмей, көкем келіп,
Қарсы есікке отау салған.
Қырық жылдай өтіп кетті,
Зымырайды мына жалған.

Ағай салған Ақ орда қалад тағы,
Үйге зәру бір адам алад тағы.
Қызығыңа келетін ағайының,
Сізді іздеп қалаға барад тағы.

Балаларың аман болсын,
Әке орнында ағай болсын.
Бір үй болар бәрімізге,
Қайда жүрсе аман болсын.

Бар еді ғой бес-алты бауырларым,
Аға-жеңгем көріп жүр ауырларын.
Қала жаққа көшсем деп көп айтады,
Екеуіде құлазып ауырғанын.

Үй маңайы тал екен-ай,
Алма-жеміс бар екен-ай.
Еңіреген Бәтимәннің,
Ағалары аз екен-ай.

Аттың басын жіберемін-ай,
Қуат көріп жүр едім-ай.
Алма-жидек піссе дағы,
Енді осы үйге кірермін бе-ай.

1983 ж.

* * *

Наурыз тойында айтқан тілек – батасы

Наурыздарың құтты болсын,
Малың толсын жайлауға.
Құлын тұрсын байлауда,
Қаз-тауық жүрсін маңайда.

Қойың төлдесін егізден,
Ешкің тапсын сегізден.
Малыңыз сүтті болсын,
Ақ мол болсын.

Егін шықсын мольнан,
Толтырсын әркім қолынан.
Қыздарың болсын үкілі,
Ұлдарың болмасын күлкілі.

Ауылымыз аталы болсын,
Жастарымыз баталы болсын.
Аналарың аман болып,
Қыздарымыз саналы болсын.

Қазақ елі гүлденіп,
Бейбітшілік заман болсын,
Осы айтқан батамды,
Қабыл алар адам болсын.

* * *

Алапат аластаса екен арамыздан

Жасы жетіп талайлар қартаймаған,
Ауырдым деп ешкімге айта алмаған.
Қас қаққанша қапыда кетіп жатыр,
Қарап тұрсам арамыздан қаншама адам.

Айырылып көбіміз еңкеймеген анамыздан,
Күні кеше еңбек еткен – іні-ағамыздан.
Үрейленіп келешектен халқымыз жүр,
Жақсы үміт күте алмай баламыздан.

Тізе берсем өткенді сыр ақтарып,
Дара тұрар ұстаздарым жырақтанып.
Шәкірт болып еске алсам артық емес,
Шәнел, Темір, Жайлан, Шәйкендер сұрақ салып.

Мезгілсіз кетіп жатыр құрдастарым,
Тай-құлындай бірге өскен сырластарым.
Бейбітшілік заман деп қалай айтам,
Тосыннан кетсе егер қимастарым.

Осындайды бұрын халқым көріп пе едің,
Ажалсыз елуге жетпей, өліп пе едің?
Боздағынан айырып семьяның,
Зарлатуға талайларды келіп пе едің?

Артық па халқым айтса, полигонды жазғырып,
Атом сыртқа шығып жатыр қара жерім жарылып.
Ер арыса аруақ деп айтқандай,
Адамдар жүр жарты дене, кемтар болып камығып.

Қырық жыл орын алған кең байтақ даламыздан,
Курчатов туғандай-ақ Семей деген қаламыздан.
Жалт қарауға адамзаттың шамасын келтірмеген,
Жалмауыз полигон тез кетсе екен арамыздан.

28 –маусым 1990.

* * *

Қасқырдай торға түскен аласұрдым

Туған жерім Қазыбек би ауданының
жабылуына байланысты

1995 ж.

*Жер үстінде аман-есен жүрміз біз,
Талай жырды жаза алады балаңыз.
Бір ауданның болмасақта әкімі,
Сол ауданның келешегі үшін алаңбыз.*

Тұрсын ЖҰМАШ

Әуелден әулиесіз жер болмайды,
Зерттесең тарихы жоқ ел болмайды.
Кезінде Қаз дауысты бабам болған,
Қолдамау қасиетін жөн болмайды.

Бабама аудан атын алған едік,
Көтеріп еңсемізді қалған едік.
Тиыннан теңге құрап бір кісідей,
Ескерткіш мәңгілікке қойған едік.

Ғимараттар бәз біреуге сатылады,
Алғандар тиын беріп қатырады.
Бір кезде гүл жайнаған ел едік деп,
Ұрпаққа қандай жауап айтылады?

Тозғаны туған жердің ойдан кетпес,
Көшкенде тәуір үйің ешкімге өтпес.
Амалы құрығандар айла тауып,
Бұзғаны құлазытып көзден кетпес.

Халқымыз жылда-жылда көшіп жатыр,
Қылмыс пен ұрлық-зорлық өсіп жатыр.
Қайтейік сауда жасап күн көрсек деп,
Саудагер күнен-күнге өсіп жатыр.

Пенделер әруаққа ерте-кеш жолықпай ма?
Бір кезде жанды қысса қорықпай ма?
Басқа емес, елемеді өз елім деп,
Бабамыз бізге налып торықпай ма?

Кері тартқандар қайта құру қиын дейді,
Соншама қазір заман қиын ба еді.
Ашаршылық, соғыстан өткен қарттарым да,
Үмітін келешектен үзбеп еді.

Мен бүгін осы өмірге қайран қалам,
Жұмыссыз калып қойды-ау қаншама адам.
Келешек ұрпағымыз не болады?
Қайтадан ашылса екен біздің аудан!

Пенделер қияметте әруаққа жолықпай ма?
Бұларың не деп, жанды қысса қорықпай ма?
Басқа емес, өз ұрпағым таратты деп,
Бабамыз бізге налып торықпай ма?

Мен дағы осы ұрпақтың баласымын,
Жеткізген он бір сәби анасымын.
Бабамның аты өшіп, аудан тарап,
Қасқырдай торға түскен, аласұрдым.

* * *



Қазыбек би Келдібекұлы
(шамамен 1667-1764 ж. өмір сүрген)
Егіндібұлақ ауылында қойылған ескерткіш

ҰЛЫЛАРДАН ҰЛАҒАТ



Бәтима апай
Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде

Арыстанбаб басына түнеп келдім,
Түрікстанға тілеуді тілеп келдім.

Қаснетті өмірің үлгі болған балақызға,
Алла қолдап нұр құйсын санамызға.
Сыйынып келіп тұрмын Түрікстанға
Бас иіп Қожа Ахмет Ясауи бабамызға.

Пайғамбардың жасына келгеннен соң,
Ізгіліктің мәнісін білгеннен соң.
Отыз жыл тапжылмастан еңбек жазған,
Түр-түрінен нәпсінің безгеннен соң.

Қалдырған «Қырық қихмет» жазып мұра,
Мәнісін ішіндегі оқы, сұра.
Көріп білдім жер үстінен пайда жоқ деп,
Түңіліп өмір кешкен о дүния!

Өтірік деп, айта алмас мұны адам,
Өкінішті, түсінбесе кейбір надан.
Түркістан куәсі ғой ғаламшардың,
Тәу етіп, келіп жатар қаншама адам.

Инабатпен келіп тұрған мен бір балаң,
Мұсылмандық жолды іздеп жүрген адам.
Ата – жолын ұстап өткен ата-бабам,
Жер – жиһанға әйгілі Қазыбек бабам.

1990 ж.

* * *

Қаздауысты бабамның қара тасы

Көргенде бабамыздың қара тасын,
Қалай шықпас көзімнен ыстық жасым.
Шыныменен келдім бе, құдай-ау деп,
Имандыққа бет бұрды, ықыласым.

Әуелі Алла қолда деп ниетімді,
Келтір деп, нұр жолынан ретімді.
Тигізіп мағдайымды қара тасқа,
Дұға жасап, сыйпадым мен бетімді.

Жетпіс жыл айта алмай есіміңді,
Тарс жауып тастағандай есігіңді.
Тәуелсіздік келген соң зиярат қып,
Бір емес, екі рет аштым есігіңді.

Жол тартса әлі талай барсам деймін,
Ұлылардың ақ батасын алсам деймін.
Дәм жазып жете алмасам, тағдыр келіп,
Ақ ниетті мұсыман боп, қалсам деймін.

Мен дағы, өр бабамның ұрпағымын,
Сөз сөйлесем, айқай-шуды жұтады үнім.
Қоңтажыны он төртте жеңіп шыққан,
Құтты болсын, бабам Қазыбек туған күнің.

1990 ж.

* * *

Бабамыз Би Қазыбек Қаздауысты

Бабамыз Би Қазыбек Қаздауысты,
Он төртте қалмақ ханын сөзбен қысты.
Шығармай дауда оқ түгілі қасық қанын,
Құтқарған Қоңтайшыдан ұл мен қызды.

Бабамыз заманында зерек екен,
Оқ өтпес құрсау киім керек екен.
Ағайын, бізге шындық, бірлік керек,
Дегені әр уақытта керек екен.

Ұрпағы Бәтиманың арнауы

* * *

Қаздауысты Қазыбек

— Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан еліміз... Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды, деген ұлағатты өсиет қалдырған кемеңгер.

Қаздауысты Қазыбек 1667 жылдың шамасында Сыр бойында туып, 1764 жылы Қарқаралы мен Баян тауының арасындағы Семізбұғы өңірінде қайтыс болған. Түркістандағы Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген.

Бүгінгі Қарқаралы ауданының Егіндібұлақ өңірі – Қазыбек би елі. Осы аймақта кемеңгердің қазіргі ұрпақтары ғұмыр кешіп жатыр. Бабаның атын еске сақтау рәсімімен, 1991 жылы Егіндібұлақ ауданы Қазыбек би ауданы болып аталды. Бірақ көпке бармады ... себебі белгісіз.

Бұл орайда Қаратау совхозының Бастал ауылының тұрғыны Қасымұлы Нығымет ақсақалдың көрген бір түсі ел есінде қалатындай боларлық.

«... Күннің райы салқын екен. Аспанда ала бұлт көшіп жатыр. Артымда тұрған атым екі құлағын қайшылап, терістікке карап оқыранды. Бұл не деп, бұрылып қарасам, Бадам ескерткіші

тұғыртасынан көтеріліп, батысқа қарай ұшып барады екен. Бұлтқа кірін кетті, қайтып орнына келіп қонған жоқ. Бұл қалай ...? деп жатып, оянып кеттім. Оянсам таңғы түсім екен. Бұл түсті қалай түсінуге болады? – деп жүргенде, шынында аудан жабылды. Бірақ Баба аты өшпеді: артынша Қарағанды қаласының бір ауданы Қазыбек би атымен аталды. Міне, Нығымет ақсақал көрген түстің шын мәні осы еді. Біреулер керексіз қылып жапса, ал парасатты екіпшілері керек қылып, қайта ашты. Ұлыға деген шынайы құрметтің белгісі осылай болады.

Қазыбек би өз заманында атақты әрі беделді билердің бірі болған. Бабамыз Тәуке хан, Абылай ханның тұсында Төле би, Әйтеке билермен бірге жоңғар шапқыншылығына қарсы жалпы халықтық күресті ұйымдастырып, қазақ елін жат жұрт шапқыншылығынан аман алып қалады.

Қытай императоры елшісін жіберіп, бірігу мәселесін қойғанда, оның ұсынысын қабылдатпай тастаған. Жоңғар шапқыншылығы заманында Абылай ханның өзі және басқа беделді адамдар малдарымен қолға түскенде ақылымен, күш-жігерімен, біліктілігімен босатып алған. Сонда ғой, Абылай ханның: қазақтың ең батыры – Қазыбек би дегені.

Негізгі мақсатымыз ұрпақ тәрбиесі болғандықтан, бала Қазыбектің 13-14 жасында Қонтажыға барған әңгімесінен үзінді келтірейік. Қазақ елішілері келгенде хан:

–Қазақтар бізді қамап келіп жатыр, арасында тайға мінгізіп бір баланы да жіберіпті. Бұл олардың бізді мазақ қылғаны ғой! Мазақтарына жауап ретінде, кісілерін қырып, аттарын жылқыға қоса салайық, оған қалай қарайсыңдар?, – депті. Айналасындағы қалмақтар «мақұл-мақұл» дескенде, ханым:

–Хан, олай ету дұрыс болмас. Қазақ қабырғалы қалың ел ғой. «Елішіге өлім жоқ» демей ме? Жат елдің елшісі келгенде, хандық беделінді сақтап, оның сөзін мұқият тыңдауың керек. Сен жүз елшіні өлтіріп жай отыра алмассың, жүз атты жылқыңа қосып, бай бола алмассың. Тай дегенің тұлпар болып жүрмесін, бала дегенің сұңқар болып жүрмесін, байқау керек деген екен.

Ханның бір данышпан қария сыншысы бар екен, соны шақыртып алып: –Міне, қазақ елшілері келіп жатыр, ішінде сөзіне есе берсек сүбемізді тіліп кететіні бар ма екен, сен оларды сынап келші, – дейді.

Кария елшілерді сынап, көргенін, сезгенін ханға айтып келеді:

– Мен мынау көпшілік елшінің ішінен Сіз шошитындай адам таба алмадым. Мен басқа бір нәрседен шошып келдім, – депті. Хан: неден шошыдың? – депті.

– Жылқының ішінде бір бала жатыр, екі аяғы екі жақта, екі қолы екі жақта, құлақ ұрып жатыр. Аузынан жалын атқылап тұр: «Аузым жеткенше сөйлеймін, қолым жеткенше сермеймін, аяғым жеткенше жүремін, төңіректің төрт бұрышына болса да сөйлеуге жараймын, халықты қара шыбындай ауызыма үймелетемін, деп жатыр екен, – дейді. Бала күнімізде осы әңгімені айтқанда, иманды болғыр Баймағамбеттің Жәкеші қариямыз осыларды жаға қалып та, тізерлеп отырып та, тұрып та айтушы еді.

Сонда бала Қазыбектің Қоңтожыға айтқаны:

Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз.

Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.

Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөзді асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәмі, тұзын ақтай білген елміз.

Асқақтаған хан болса,
Хан ордасын таптай білген елміз.

Атадан ұл туса,
Құл боламын деп тумайды.
Анадан қыз туса,
Күң боламын деп тумайды.

Ұл мен қызды қаматып,
Отыра алмайтын елміз.

Сен қалмақта, біз қазақ,
Қарпысқалы келгенбіз.
Сен темір де, біз көмір,
Еріткелі келгенбіз.

Екі еліктің ылағын,
Теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге,
Танысқалы келгенбіз.

Танысуға келмесең,
Шабысқалы келгенбіз.
Сен Қабылан да, біз Арыстан,
Алысқалы келгенбіз.

Жаңа үйреткен жас тұлпар,
Жарысқалы келгенбіз.
Тұтқыр сары желімбіз,
Жабысқалы келгенбіз.

Берсең жөндеп бітіміңді айт,
Бермесең дірілдемей жөніңді айт,
Не тұрысатын жеріңді айт!

Қоңтажы жауап қайтара алмай сасып қалыпты.

–Өзің сөзге келетін болатын болсаң, отырған орның қандай төмен еді, былай жоғары шықшы, жоғары! – деп жанына шақырыпты. Сонда Қазыбек төрге қызықпай, парасаттықпен:

–Біздің қазақтың әдетінде жасына қарай отырып, жағына қарай сөз сөйлей береді, өзімнен үлкен ағаларым төрде отырса, маған төбеде отырғанмен бірдей, – деп орнына қайта барып отырыпты. Білдірген ымырасы іске аспай, хан не дерін білмей тағы сасыпты.

Елшілік соңында Қоңтажы Қазыбекке арнап:

–Жаным Қазыбек, сен жаңа үйретілген жас тұлпар екенсің, сенің айтқан сөзіңе менің буыным шыдамай, сіресіп тұра алмадым. Саған сыйға екі түрлі белгі беремін. Бірінші – сенің даусың қаздың дауысындай қаңқылдап шығады екен, сондықтан

ендігі жерде сенің атың «Қаздауысты Қазыбек» болсын, екінші – тоқсан жеті жүлдені саған арнап байладым, бұдан былай сен екі сыбағалы бол! – депті. Бабамыздың «Қаздауысты» екені көпке мәлім, ал тоқсан жетіден аса дүние салғанын еске алсақ, сол Қонтажы да тегін адам емес.

Ағайын татулығы, халық бірлігі туралы Қазыбек бидің мына толғауы болашақ ұрпаққа мәңгі өнеге боларлық:

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма –
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма –
Өскеніңді өшіресің.
Басына іс түскен пақырға,
Қастық қылма –
Қайғысы көшер басыңа.
Жанашыры жоқ жарлығы,
Жәрдемші бол асыға.
Қыйын-қыстау күндерде,
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба!

Міне, дара туған кемеңгер әрі әділ Қаздауысты Қазыбек бидің Баймағанбеттің Жәкешінің айтуында ел аузында сақталған бірлі-екілі асыл сөздерін елдік сананы қалпына келтіруде тәрбиелік мәніне қарай арнайы беріп отырмыз.

Бүгін Егіндібұлақ ауылында Егіндібұлақ мен Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданы Қазыбек бидің рухын еске алуға арналған «Егіндібұлақ ауылы күнін» өткізді.

Аруақты еске алу салтанаты Қазыбек би ескерткіші алдында өтті. Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданы мен Егіндібұлақ ауылының бірлесіп жұмыс істеуі жөнінде келісімге қол қойылды. Егіндібұлақ ауылына, жалпы өңірге көмек көрсететін «Ақ ниет» қоры ашылды. Күн-көрісі төмен отбасыларына көмек көрсетілді.

Келе жатыр Қаздауысты Қазыбек

Ұлт өмірі – ұлы уақытқа қазы деп,
Келе жатыр Қаздауысты Қазыбек.

Хоңтажымен тартысып, сан күштімен,
Алашының төріне ұстап түс кілем.
Аттап өтті ол замандардан не килы,
Коммунистік қоғамның да үстінен!

Алаш оның – арман әні, зар әні,
Артта не бір көші қалды қаралы.
Көктей өтіп «Қаз ССР тарихын»,
Көрден шығып – Көк Тәңірге қарады!

Аласапыран тасқында,
Алашына келе жатыр һас тұлға.
Неше түрлі «изм»-дер мен низамдар,
Қалды оның аяғының астында!

Есіл дерті асу асар жол қамы,
Ол – толғады! Елін, жерін – толғады.
Келе жатыр Алашының алдында,
Соңына елі ілесе алса болғаны!

Келе жатыр бекзаттық пен ірілік,
Келе жатыр алға сүйреп бір үміт.
Келе жатыр қайран бабам қартаймай,
Қазағымен бір – өліп, бір – тіріліп!

Көктей – биік. Мұхиттайын – терең ол,
Үш жүзімнің үшеуіне тел еді – ол.
Бауыржандай ұлын іздеп келеді ол,
Әлиядай қызын іздеп келеді ол!
Қоңтажымен тартысып, сан күштімен,

Алашының төріне ұстап түс-кілем.
Аттап өтіп келе жатыр бабамыз,
Барлық күлді-көмештердің үстінен...

Төрле, Баба – төр Сіздікі, өйткені,
Өрле, Баба – өр Сіздікі, өйткені!
Төбемізден Көк Тәңірі қарап тұр,
Көкжиектен көрініп тұр, Көк Бөрі!

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ
Қарағанды к.

* * *

Атадан қалған асыл сөз

Қазыбек Би

Туып-өскен елің қымбат

Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын,
Инабатты болса, келінің жақын.

Алдыңа тартқан адал асын,
Қимас жақын – қарындасың.
Сыбайлас болса, нағашың жақын,
Адал болса, досың жақын.

Еркелейтін немерең жақын,
Өз ұрпағың – шөберең жақын.
Жан серігің жас кезіңнен,
Бәрінен де әйелің жақын ...

Алтын ұяң – Отаның қымбат,
Құт берекең – атаң қымбат.
Мейірімді анаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат.

Туып-өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат...

Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын.
Дәл осындай жағдайда,
Шанышқылаған сөз қиын.

Жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын.
Өзің түскен ор қиын,
Тентек болса ер қиын.

Не істеріңді біле алмай,
Ашиды сонда бос миың.
Ақылыңнан адасып,
Пана болмас өз үйің.

* * *

Арық емес, қатумын,
Қара жерден татумын.
Көшершілік кезде түйе азады,
Жетімдік көрсе қыз азады.
Елінде жауғершілік болса,
Тағында хан азады,
Тобындағы би азады.

* * *

Қаздауысты Қазыбек Би тойына

Жиналып қалың ел Балқантаудың бауырына,
Қарар емес еш адам нөсерлеткен жауыныңа.
Өлгеніміз тіріліп, өшкен жанып,
Қызық бүгін «Қаракесек» ауылында.

Қасиетті ертеде Қаздауысты бабам болған,
Қарқаралы – Едірей – Айрық мекен қонған.
Сыйынған пенде қатты қысылғанда,
Соғыста да жауға мылтық ұсынғанда.

Тарихтан белгі ғой көсемдігі,
Дара туған тілі өткір шешендігі.
Жетпіс жыл жер астында жатқандай ғып,
Жариялап жатыр бүгін кешегіні.

Ханда бар, билерде бар, батырда бар,
Орақ тілді ойшылдар, акындар бар.
Ағасына атшы болып ерген сәтте,
Сөйлегенде қолдаған періштелер-арыстандар.

Қоңтажы хан болсада Қалмағына,
Он төрте түсті бабам қармағына.
Аталы сөзге арсызда таласпас деп,
«Қаздауысты» атағын алмады ма?

«Бесігінді түзе» – деп, жол салғанда,
Тәржімалап тарихты қолға алғанда.
Аруағын бабамның жаңғыртсақ деп,
Қозғау салды Төкешов Нығметолла.

Білсін деп кейінгі ұрпақ жаңа жеткен,
Тараймыз біз көбіміз Келдібектен.
Алсақ деп бабам атын Балқантауға,
Ақылдастық әкім Тілеубек Зейнешевпен.

Орындалды бұл күнде асқақ арман,
Мүсіні де ортадан орын алған.
Ат шаптырып, ас беріп, дұға жасап,
Нұрақышов, Тоқышевтар сауап алған.

Келсе де қиыншылық заман-нарық,
Қанатымен су септі барша халық.
Бабам үшін не берсекте көп емес деп,
Жетіп келді ағайын – ел қуанып.

* * *

Көңіл сазы

Көңіл сазын жеткізген қос ішектің үніменен,
Аркамды таныстырған жасынан дүйім елмен.
Атағы талай жерге жетіп жатқан Тәттімбеттің,
Өмір жолын көрдіңіздер көрерменім.

Өрге бассын өнерлерің күн сайын өнерпаздар,
Өмір бойы тартылсын талай саздар.
Уағыздап ұрпақтарға қажымай жалғастырған,
Түсіпбеков Тұрысбектей өнерлі ұрпағы бар.

Мен дағы Балқандаудың баласымын,
Жеткізген біраз сәби анасымын.
Тәтекемді тойлайды дегенді естіп,
Жақсылықты көруге аласұрдым.

Қажымасын өнерден Сәкеннің шағырағы,
Қолдап жүрсін Қаздауысты бабам аруағы.
Түлеп ұшсын жылда-жылда өнерпаздар,
Көрерменнің көтеріп, көңіл-күйін.

Бәйгеден келіп жүрсін арғымағы,
Өткеннің ырза болсын әруағы.
2004 ж. 25 ақпан

* * *

Қазанғапұлы Тәттімбетке

Тұрағым Түндіктінің жағасында,
Мен жүрмін туған жердің аясында.
Біз келдік Тәтекеме дұға жасап,
Асқан күйші Қазанғаптың баласына.

Тұрысбек жүр күйін күнде шертіп,
Уағыздап шәкірттерді жылда ертін.
Жазушы-ғұламалар, талай ақын,
Әкімдерде қолдаған, күйін естіп.

Жиені едім Қаздауысты бабаның деп,
Басына Тәтекеңнің барамын деп.
Берлібек пен Қожамсейітұлы Назарбек,
Қолқа салды апай бірге жүріңіз деп.

Сауап іздеп барамыз біз басыңызға,
Риза болсын келген үлкен-жасымызға.
Тарихта қалған мәңгі күйлеріңіз,
Ұрпақтар жалғай берсін жасыңызда.

* * *

Тәттімбет аты жете берсін шартарапқа

Замандасым Тұрысбек күйшіге

Тағылым алып, Тұрысбек өз атасы Өзібектен,
Бала жастан атасы, Тәттімбеттің күйін шерткен.
Уағыздап шартарапқа тыным таппай,
Бос жүрген емес, қырық күйдің сырын айтпай.

Дауылпаз–дүлдүл күйші атанды жарыстарда,
Токғайды күйді шертіп, жандүниесі алысқанда.
Зертте деп, зерделе деп, – ғалымдарға,
Хат жазып, дидарласты ағаларға–қоғамға да.

Қырық күйін шертіп, халқыңды тәңгі еттің,
Тарихта қалды есімі Қазанғап–Тәттімбеттің.
Бармаған жер, баспаған тауыңыз жоқ,
Жастайыңнан жалықпастан еңбек еттің.

«Жел болмаса қозғалмас шөптің басы»,
Осы сөзде бір шындықтың бар расы.
Тұрысбек ұрпаққа күймен сыр шашпаса,
Шықпас еді Тәтекемнің атақ-даңқы.

Еңбегің кетпес далаға, үйретсең сен балаға,
Айтқан сөзі дананың, қонады ғой санаға.
Тынымсыз еткен еңбегі дауылпаздың,
Еш кеткен жоқ еленбей, жария дүйім адамға.

Зейнетін көріп тынымсыз көп еңбектің,
Әруағы қолдасын бабаң Тәттімбеттің.
Шығып жүріп шыңдарға-шығанаққа,
Атың кете берсін, жария боп шартарапқа.

2005 ж. 27 мамыр

Тойға толғау

Армысыз тойға келген үлкен-бауыр,
Сіздерді қарсы алып жүр біздің ауыл.
Мәні менен сәні бірдей келіпті ғой,
Берекені алмаса екен соғып дауыл.

Болмасам да ірі ақын атақ даңқым,
Құттықтауға баршаңызды бар ғой хақым.
Ата-мекен қайтадан көшіп келіп,
Тәтекемнің даңқымен құрған салтанатым.

Қаз дауысты Қазыбектің ұрпағымын,
Сөз сөйлесем айғай шуды жұтады үнім.
Біріктіріп дүйім елді келген бүгін,
Күйші атам, құтты болсын туған күнің.

Шартарапқа белгілі ғой еліміз Қаракесек.
Сөйлеген талай жерде кесек-кесек.
Қашаннан тәнті еткен дүйім елді,
Тәтекемнің қырық күйінің жөні бөлек.

Той бүгін Түндікті мен Сарыарқа даласында,
Дала деуге көріп тұрсың халқым-ау нанасың ба?
«Той десе қу бас домалайды» деген емес пе,
Неше түрлі өнерпаз – тарландар бар арасында.

Тәнті еткен күйімен барша адамзат баласын,
Күйге қосқан Балқантау, Мыржығымның даласын.
Бұл күнде білмейтұғын жан бар ма екен,
Күй құдыреті Тәттімбет Қазанғаптың баласын.

Өнерпаз күй шығарған қырықтан астам,
Көңіл күйін күйге бөліп бала жастан.
Халқыма күй құдыреті енші болып,
Күй сазы күннен күнге елге ұласқан.

Өнерге бейім едім бала жастан,
Әлі жүрмін ортасында айнымастан,
Құрметті демалысқа шығып биыл,
Қолым тиіп, жазған ем шағын дастан.

Құттықтаймын жасыңызды-кәріңізді,
Жете алмай үйде қалған бәріңізді.
Тілеймін ұзақ өмір, таза ауа, тәтті тірлік,
Самғай бер келтірумен, сәніңізді.

* * *

Қасым Аманжоловқа (80 – жас тойына)

Құтты болсын ұлы той бауырластар,
Жасы үлкен аға, іні, қарындастар.
Сәлем айтқан Арқадан келмей қалған,
Ниеті бір, көңілдес ауылдастар.

Дарын Қасым, отты Қасым, шерлі Қасым,
Заманында дауыл боп тұрған Қасым.
Тіршілікте бағаланбай ғазиз басың,
Тойланды бүгін міне Сексен жасың.

Тойланған туған жерде мерей тойың,
Бағаланған бүгінде нелер ойың.
Қаздауысты Қазыбектің ұрпағымын,
Дұрыс шығар білдірген ниет-ойым.

Елу жылда ел жаңа, уақыт озбақ,
Тарихты жатыр қазақ, қайта қозғап.
Ақтандақта жапа шеккен талай боздақ,
Көп тілеуін берді міне, құдай қолдап.

Сен не еткен бақытты едің келер ұрпақ,
Қараймын келешекке, мен таңырқап.
Түрлентіп кең сарайды сен келгенде,
Деуші едің мен жатармын көрпе қымтап.

Көтер басты қайтадан кеуденді аш,
Бата беріп жастарға алақан аш.
Өкінген өміріңді екшеп жатыр,
Риза болып халқыңа жырыңды шаш.

Бұл тойда алыс та бар, жақын да бар,
Талай сұңқар-тұлпарлар ақындар бар.
Бәрінен орны бөлек төрде отырған,
Сүйген жары Қасекемнің Сақыпжамал.

Қазағымның сабырлы-көңтерлі әйелдері,
Осы сөз талай жылдан дәлелденді.
Сары алтындай сақтамаса ақын сөзін,
Кезінде көтерілмей-көрінбей қалар ма еді?

Бұл аналар ақтаңдақта не көрмеді?
Жалғыз-ақ ажал кейін, тек өлмеді.
Ұлтшыл-байшыл кереғардың әйелі деп,
Қуғындады, шеттетті, ебін тауып көгендеді.

Атыңнан айналайын Қарқаралы,
Сенен бұлт менен қайғы тарқамады.
Деген еді кезінде Мәди ағам,
Мына той сондай шердің тарқағаны.

05.07. 1991 ж.

* * *

Сағыныш

Жан әкем сені іздеп сағынамын,
Мен сенің суретіңе табынамын.
Қайтейін өмір бойы көрмеген соң,
Балалық парызым ғой, зарығамын.

Көргендер әкем менің жақсы дейді.
Қарағым әкеңді іздеп тапшы дейді.
Қайтейін келмейтін боп кеткеннен соң,
Көңілім сол үмітпен қалшы дейді.

Келдік қой орта жасқа ой салатын,
Бала едім бір кезде ән салатын.
Болса да дүние, мал, бала мен жар,
Уақыт бар сол әкені еске алатын.

* * *

ЕЛ ИШИ - ӨНЕР КЕНИШИ

Енем - Анам

Құтты болсын мейрамың енем-анам,
Құттықтаған өзіңді келін балаң.
Анамның бойындағы қайрат-өнеріне,
Жана көрген адамдай қайран қалам.

Айтайын келін болып келгенімді,
Енемнен талай рахат көргенімді.
Қалайша ұмытамын демеп мені,
Әлі күнге бізге көмек бергенімді.

Ұйқым қанбай жатамын төсегімде,
Аяғым ауыр – мен ауру есебінде.
Келінің ұйқышыл деп арандатса,
Ермеген әзәзіл абысынның өсегіне.

Жайын ұққан ұйқының сонда атам,
Жата берсін деген сөзді естіп жатам.
Өтіпті жастық шағым еш алаңсыз,
Жалғыз келін, еркін болсын, дейтін атам.

Тұратын елден бұрын елең-алаң,
Пеш тұтатып, қораға малға барған.
Оқуға баратұғын уақыт болып,
Апасынан шәйін ішер менің балам.

Немерелер кетіп жатар бірден асса,
Атасы мен апасы қойынын ашса.
Төркінімнен бірге келген балам жоқ деп,
Жақ пен тілге сүйенем сонда қашса.

Барлығын айналдым деп үйіретін,
Тоңады деп мезгілімен киім кигізетін.
Қызғанып біздер барсақ маңайына,
Әрі жүр деп маңдайынан сүйгізбейтін.

Арасында ісін тігіп, жіш иіріп,
Көрсеткен тағы өнер, сырмақ сырып.
Қолына барқыт түссе тығып қоймай,
Береді балаларға киім тігіп.

Болмаса да қолымда диплом-білім,
Жұмыстың мен атқардым талай түрін.
Қызмет арасында қой қырқып, толге барсам,
Балаларым үйде анаммен қала тұғын.

Осылайша мен жүрдім бала тауып,
Анамның маған қойған аты «Тауық»
Шарасыздан бұл сөзге келісемін,
Жөніменен айтқан соң сөзді тауып.

Баланың тапқан аты, менікі еді,
Бейнеттің көбі анам, сенікі еді.
Жалғандікі ақыретте кетпейді-деп,
Шомылдырып өзіңді, олар сергітеді.

Енді міне сол бейнетің ақталады,
Келінің талай жерде мақтар әлі.
Жатушы ек жылы ұяда бәріміз деп,
Кең пейілің жүрегімізде сақталады.

Тоқтатайын осымен жетер енді,
Үйлендіріп шығардың да немеренді.
Аяладың тағы да жиенде-шөберенді
Ене болып әкелгенде немеремді.

* * *

Салт – дәстүрді қайта насихаттау кезеңі

Айтыс

Бәтима апай өз есімін ел ішінде өлеңімен танытып жүрген құрметті жан. Батыр ана. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған Бәтима апайдай аналар ортамызда көп қой. Бірақ, солардың бәрінің есімін көпшілік біле бермейді. Ал, Бақриденқызы Бәтиманың есімі аудан тұрғындарына кеңінен мәшһүр десек, қателеспеген болар едік. Оның атын ардақты етіп жүрген осы қасиетті де қастерлі қазақ өлеңі.

Ақын апамыз айтысқа Монғол халық республикасынан көшіп келген туысқан жігіт Қауияұлы Дәулетті шақырған екен. Өлеңдерін өзі шығарып, алдын ала қағазға түсіріп алып келгендігі көңілге қуаныш ұялатты.

Айтыс десе қай қазақтың делебесі қозбайды. Айтыс – адамның жансарайын жаңартатын, шуақты шумақтардың нұрлы да сырлы қайнар көзі дер едік.

Шопандар тойында дархан дала төсінде құрылған сахнаға бейтаныс қазақ жігіті көтерілді. Бұл – өзіміздің қандас туысымыз, Мәди атындағы совхоздың тұрғыны, Моңғол халық республикасынан ата жұртына қайта келген жергілікті ақын Қауияұлы Дәулет болатын.

Жасынан қазақ өнерін бойына дарытқан термеші жігіт өзінің тұңғыш айтысында да шорқақтық танытпады. Шумақтар жолын қағазға қарап айтса да, ол ақын Бәтима апайдың сөзіне байыппен жауап қайтара отырып, көрермендер көңілінен шықты.

Біз Бәтима және Дәулет ақындардың айтыстағы жыр жолдарын оқырман назарына ұсынуды ниет тұттық.

Бәтима

Сәлем бердім ер Мәди ауылына,
Қоныстанған Үшқара бауырына.
Шопан тойы біздерді жүздестірді,
Бас костық Балқантаудың бауырында.

Сәлем бердім Қауия ағамызға,
Сәлем дедік Дәулеттей баламызға.
Алыстан алты жасар бала келсе,
Құрметтеу – әдет-ғұрып санамызда.

Ат басын тіредім де сәлем бердім,
Тереңнен тебіренгіп өлең өрдім.
Айтыс десе шабытым шалки түсер,
Өмірде талантыммен дәлелдедім.

Қабыл ал сәлемімді туыс, бауыр.
Құшақ жайып қарсы алған көрші ауыл.
Ежелден ағайынды туыс едік,
Сынбайтын бәйтерекпіз сокса дауыл.

Дәулет

Ән жолдаймын ақсұңқар қанатынан,
Ел атынан және де жер атынан.
Біз Мәдидің кейінгі ұрпағымыз,
Үшқарадай биікпіз дара тұрған.

Үшқараның баурында өрістегем,
Дархан елміз қашанда өріске кең.
Өмір бойы сыйласып келе жатқан,
Достығымыз нығайған туыспенен.

Бәтима

Тұрағым Түндіктінің жағасында,
Белгілі бүкіл қазақтың баласына.
Қалауын тапса қар да жанар деген,
Айтысқа көрші ауыл барасың ба?

Болады Қаракесек арғы затым,
Қаздауысты Қазыбек – арғымағым.
Ақыным таныстырсам мен өзімді,
Бақриденқызы Бәтима болады атым.

Асса да жас елуден, лашындаймын,
Айтыс десе кырандай аршындаймын.
Жасың кәрі десе де, кейбіреулер,
Өлең жанды қоймайды, жасырмаймын.

Өткен жыл той тойладық, ұлан-асыр,
Тауыса алмас оны айтып, талай ғасыр.
Арқалық Тәттімбет боп атанғанда,
Қол соқты далада гүл, қызыл-жасыл.

Дәулет

Мен қазақпын, қанаты талмайтұғын,
Биігіне құздардың самғайтұғын.
Қазақ деген есімді ұрпақтарға,
Ен тамырын, мен болам, жалғайтұғын.

Үшқараның баурында дүбірлеген,
Жүлде алмаған тұлпар жоқ, жүгірмеген.
Қасым ақын тойында биыл міне,
Рай ағам бәйге алған дүлдүлімен.

Бәтима

Әйгілі шартарапқа еңбегі бар,
Біләлов Сайлауымдай ерлерім бар.
Өкшелеп келе жатқан ізбасарлар,
Советбек, Қаупен, Мейрам, Төлеуім бар.

Жинақтан шопан, төлші еңбектерін,
31 жыл совхозда ер жеткенмін.
Жүзіне 94-теп қозы алып,
Білсең ғой Тәттімбетті үлгі еткенін.

Елге мақтар келелі жұмысым бар,
Салатын әлі талай құрылысым бар.
95 орындық бала бақша,
Жаңа типті интернат үлгісі бар.

Совхозым көркейеді жылдан жылға,
Ұнаса көшіп келші бәрің мұнда.
Өмірдің талабымен салынады,
Жылу жүйе, суық су, ыстық су да.

Өткен жылы 32 пәтер салдық,
Есебін өзің шығар неше жандық.
Құрылыстың озық шебер майталманы,
Жанұясын Тельманның үлгіге алдық.

Дәулет

Сары қымыз исі бұрқыраған,
Балбармақ қой Сұлушаш шіркін адам.
Басқұдық пен Маусымбек, Қызылқайнар,
Жылқы толы жәннәт жер шұрқыраған.

Қайта түлеп тілім менің күлімдедің,
Жасқанбайды бұл күнде жырым менің.
Кінәлаған кешегі ақтаңдақтың,
Жыр семсермен беттерін тілгіледім.

«Қаратаудың басынан...» шаң бораған,
Адам қаны жебеден сорғалаған.
Ақ тезектей шашылып адам басы,
Тауқыметін тарттың-ау, қайран адам!

Бәтима

Ақыным ауылымды араладың,
Жанды жұмыс көрдің де сараладың.
Таңырқап шұжық пен тонымызды,
Соншалық бізден бір мін таба алмадың.

Ауылымды көрген жан, көркем дейді,
Әлі талай жұмыстар өркендейді.
Асырап үй қоянын, тері илеп,
Пайдасын көлдей кесір, етсем дейді.

Бұл дәуір заманында айтыс болған,
Айтыстым тоқырауда – тартыс болған.
Өнердің осы түрін игере алмай,
Небір дүлдүл жүйріктен қалыс болғам.

Мен қалай айтпай тұрам табысымды,
Өздерін көріп жүрсің бар ісімді.
Асфальттап жолды сала бастадық біз
Ақыным көрініп тұр, сағың сынды.

Дәулет

Адам қолы адамды аямаған,
Қаталдықтар бар екен баяғыдан.
Адамы жер бетінің соғыс қуып,
Сойылмен қырылған сан мың адам.

Қайран менің қазағым, не көрмедің,
Найзалар да түйреді, тек өлмедің!
Бүкілдесе көмейі өз тарихтың,
Ол қазақ деп қараған, төбеден күн.

Бәтима

Төрт жыл бұрын айтысып қайтқан едім.
Биің көп, қымызың жоқ деп айтқан едім.
Шығарып қорытындыңды сол бір сыннан,
Жаңа әдіспен қымыз сауып сатқан едің.

Басталып бітпей жатыр наубайханаң,
Таршылық етеді екен шеберханаң.
Мектебің мен клубың орынсыз тар,
Қозғау салып айтпайсың ба ақын балам.

Дәулет

Қанымыз бір, қазақпыз жақындадым,
Ата жұртқа оралдық, мақұлдадың.
Нан, тұзыңды ұсынып, құрмет тұтып,
Төріме шық дедің ғой, жарқындарым.

Ақ шағала аппақ үй қанаттары,
Жарқыраған айнадай алаптары.
Жас семья талайлар қой бағып жүр,
Мирас қып әке жолын талаптанды.

Бәтима

Жетпей қойды қолдарың дәрігерге,
Науқас жандар түсіп жүр әбігерге.
Ел көшіп, қоныс алып кете алмас,
Тұрғанда біздей совхоз дәл іргеде.

Тігінші Шәкира қыз ауырып қалған еді,
Дәрігерсіз ауыл сасып қалған еді.
Сырқат жоқ, жасанды зат деген кезде,
Ес-түссіз жылап тағы талған еді.

Ақыным жол азабын тартпайсың ба?
Көлік ойлап уайымға батпайсың ба?
Автобус бармаса егер совхозыңа,
Көрінгенге ала кет деп, айтпайсың ба?

Дәулет

Құтты болсын бүгінгі той-думаның,
Мәртебеден мен де бір, бой жимадым.
Шопандар тойында бұл жүрегімнен,
Халыққа шашу қылып, жыр сыйладым.

Бәтима

Халайық, құтты болсын шопан тойы,
Ақынның тәмәм болды айтар ойы.
Денің сау, еңбек қызу бола берсін,
Қолыңа бақыт келіп қона берсін.

* * *

Айрық, Арқалық совхоздары ақындарының айтысы

Ұлы Октябрь мерекесіне арналған аудандық Мәдениет үйінде өткен ақындар айтысына Айрық совхозынан Сағидолла Құлмағанбетов, Арқалық совхозынан Бәтима Бақриденова түсті. Төменде сол ақындар айтысын жариялап отырмыз.

Сағидолла

Жырлаймын заманымды ен түлеген,
Бакытты өмір осы ел тілеген.
Жаңарып, түрленуде Ұлы Отан,
70-інде оза шауып еркіндеген.

Еңбекте нысанамыз қайта құру,
Аз сөйлеп, шапшаңдатып іс тындыру.
Партия белгілеген ұран осы,
Бос сөзге бой ұрмайтын бірқыдыру.

Ежелден біздің өлке сөзге шебер,
Жез таңдай алтын жандар өткен нелер.
Аспандатқан елімнің атын, даңқын,
Ақын ағам Мәдиге кім тенелер?

Бәтима

Армысың Үшқарада бауырларым,
Армысың, еңбекші ел қауымдарым.
Қайта құру кезені кездестірді,
Екі елдің ақындарын, дауылдарын.

Құтты болсын 70 жылдық мерекеніз,
Талай ұлттан құралған ел екенбіз.
Табысымыз Октябрге шашу болып,
Күннен күнге арта берсін берекеміз.

Бұл апан әрі әнші, әрі ақын,
Өнерге жеті жастан болдым жақын.
Танысайық қарағым, «Ардақты-Ана»,
Бақриденқызы Бәтима болады атым.

Сағидолла

Сөз айтып жырлағанда заман жырын,
Ойластық бақытты ел амандығын.
Еңбекпен жаңа өмір басталғанда,
Ағалар арқалаған ауыр жүгі.

Олжағұл, Омар аты мақтанышым,
Мал бағып, еселеген ел табысын.
Кеудеде ордендері жарқыраған,
Қондырған еңбекпен бақыт құсын.

Фашизм қанша жасты қыршын етті,
Жауқазын жас өмірді жұлып кетті.
Ағасын, жан жолдасын аттандырып,
Қанжылап әйел, бала еңбек етті.

Соғыста қан төгісті ертелі-кеш,
Әз аға Әбілтай мен Құми, Төкеш.
Еңбекте орындарын жоқтатпаған,
Загила, Шарбан апа, ер Кенжекеш.

Бәтима

Көп рахмет айтамыз Ленин бабам,
Езгіліктен құтылған Отан – анам.
Өзін берген білімнің арқасында,
Космосқа ұшып жатыр қанша қыран.

Октябрьдің жиырма төрт жылдығында,
Кездестік ғой ғитлердің сұмдығына.
Ерлер кетіп майданға кәрі-жасы,
Еңбек етті бала мен аналар өз тылында.

Совхозда майдангер бар толып жатқан,
Соғыста айрылған бірі аяқтан, бірі жақтан,
Әмір, Насыр, Нәзір мен Зейнекпарлар,
Жұмабегім, Қазкенім, Досжан қариялар.

Соқа айдап, егін салып, малын баққан,
Кешкілікте үйінде диірмен тартқан,
Коммунистер Рыстыбала, Күлшім апай,
Съезге делегат болып, барып қайтқан.

Ел басқарған колхозда Әмен, Қожа, Мұса.
Дүкен құрған сол кезде Бүкен ұста.
Аркалықтың ұшырған түлектері,
Дәрігерлер Ғұсни, Рахман, Отан облыста.

Түндіктінің тумасы Кемпірбай ақын,
Құрметіне қоямыз көше атын.
Медицина ғылымының докторы астанада.
Қойшыбаев Смағұлым бар айта алатын.

Сағидолла

Аркалық, Айрықты екіге бөліп едің,
Жаңаны алып өзіңе, ескіні бердің.
Еңбекпен біз есейдік, сенен қалмай,
Табысты тасқындаған, өзің көрдің.

Сөзім жоқ Сайлау аға Еңбек Ері,
Кемітпес дос-дұшпан, төккен терді.
Белгісін еңбек Ері тағып алып,
Сайлауың содан бері нені берді?

Айтсам мен кемшілікті ұяласың,
Қалайша сөз нөсерін құя аласың,
Еліңде жанжал қуған ішкіштер көп,
Жасырып оны қайда қоя аласың.

Аралап, совхозыңды көріп өттім,
Жаксыны көңіліме медеу еттім.
Едені мектеп, кеңсе ойық-ойық,
Солардан күнде өтіп, көрмей кеттің!

Совхозың жақсы клуб салған екен,
Бітірмей прорабың созған екен.
Сырттары үйлеріңнің алба-жұлба,
Жөндеуге болады ғой елді мекен.

Бәтима

Айтыстың түрлі – түрлі айтары бар,
Бұл айтыстың Сізге қояр шарты бар.
Октябрьдің құрдасы шопандарым,
Смағұл мен Кәрімдей қарттарым бар.

Әке жолын кумас па дегендейін,
Советімді қалай айтпай жөнелемін.
Еріп жүрген өкшелес Қаупен, Жақан,
Осындайда жариялап бір кенелемін.

Арқалығым табысты ауданымда,
Қырық мыңдай қойы бар қойнауында.
Еңбек еткен кәрі – жас жайлауында,
Ұлы Отанға әйгілі Сайлауым да.

Арқалығым жетістікпен мерекені қарсы алады,
Жастарым жаңа Мәдениет үйінде ән салады.
Эстетикалық тәрбие жаршысы «Алтыбақан»,
Жас – кәріні қызықтап қарсы алады.

Сағидолла

Бөлімшең көзім көрді Тасшоқыны,
Құлыпқа кеңсе, клуб тынып тұрды.
Төл алудан төмендеп бірнеше жыл,
Тасшоқы аудан бойы артта тұрды.

Бос мақтап, совхозыңды таныстырдың,
Әдемі создер айтып қабыстырдың.
Қайта құру, жеделдету көрінбейді,
Елдегі жаңалықтан алыс тұрдың.

Қыстауы Тасшоқының Қызылшілік,
Көзге ұрады анадайдан көп кемшілік.
Қырдан келіп қыстауға жөндейді үйін,
Шопанға бердің қашан сен кеңшілік?

Қойларың әу-пірімдеп өтті әрең,
Айналып бар салмағы 31 – ден.
Қайта құру талабын ескермейсің,
Бос сөйлеп, алмақпысың орын төрден!

Бәтима

Көп мән берген реформаның дерегіне,
Үлес қосқан шебер қолдар өнеріне.
Еңбек даңқы орденін тағып берген,
Ұстазым Рамазанның еңбегіне.

Толып жатыр үлгілі шоферларым,
Бір көрмейсіз қысы-жаз отырғанын.
Малға барса көмекке Жеңіс, Ерден
Комбайнмен егінге көмек берген.

Тракторге отырған Рымгүлім,
Шөбін шауып, қызықтайды дала гүлін.
Аудандық Совет депутаты құрбыларым,
Қайролла, Қарлығаш, Қазыкендерім.

* * *

Сынсу

(кыз ұзатылғанда, жаңаша түрі)

Еркесі едім ауылдың,
Гүлі едім қауымның.
Оқып білім алған соң,
Теңім менің табылдың.

Табылама жолдан мін?
Жұбымды өзім таңдадым.
Сенім артып өзіне,
Өмірімді жалғадым.

Ертедегі заман жоқ,
Құда түсіп келетін.
Жаңғыртсаң деп сүйекті,
Баланы зорлап беретін.

Білім алып оқыдық,
Жасты да біздер толтырдық.
Үй болу қиын деген бар,
Әзілдестік, толқыдық.

Тойымызға келгенде,
Қызықтап халқым жатады.
Ел кеткен соң бізге – сын,
Өмір міндет артады.

* * *

Шешенің ұзатылатын қызымен қоштасуы (жаңаша түрі)

Жарасқан сенің тұлымын,
Жайраңдап жүрген құлыным.
Жасыңнан өбіп өсірген,
Басқаға кимас құлыным.

Басыңа жаққан тарағың,
Айнаға қарап тарандың.
Жат-жұртқа сені жазған соң,
Сағынғанда барарым.

Сыйлы бол барған жеріңе,
Сынай бір қарар келінге.
Үлгі тұтсын ардақтап,
Бір негіз бар деп тегінде.

Адал бол күйеу балаға,
Кір келтірме ата-анаға.
Ақ сүтінді емізген,
Ана бол сенде балаға.

Теңдікті бердік өзіңе,
Шөп салма жолдас көзіңе.
Кімде кім айтса артық-кем,
Ақылға жеңгіз көбіңе...

1989 ж.

* * *

Өмір – сыр, өлең – жыр, Кешкен ғұмыр – ол тағдыр

Мен айтпаймын көп ақынның бірімін деп,
Елден артық оқыған білімім деп.
Сезініп оңды-солды жүргеннен соң,
Ойлаймын мен көп пенденің бірімін деп.

* * *

Бауырым Мырзатайұлы Нұрбекке

Келгенде Нұрбек алтыға,
Келмеске кетті-ау қапыда.
Көз жазым жерге құлаған,
Аямай мінген аты да.

Бауырым менің – Нұрбегім,
Үрейін алдың күллі елдің.
Аялап жүрген әкеңнің,
Жаралы еттің жүрегін.

Ауырып балам калада,
Бола алмадым қазаңда.
Кешір деп күнәләрін ата-анаңның,
Бәйек қағарсың періштесі алланың.

* * *

Азайып бара жатыр көз-көргендер

(әнмен айтылады)

Адамның бар керегі, бала болар,
Сол бала ата-анаға, пана болар.
Күтпесе қартайғанда ата-ананы,
Досқа да, дұшпнға да, таба болар.

Қыз бала жат жұртта, жырақ жүрер,
Алаңсыз жұбайымен, дәурен сүрер.
Қолға алып күтпесе де ата-анасын,
Зер салып анда-саңда, бір кеп білер.

Адамның бір жақыны, құда болар,
Құдасын құдайындай сыйлар болар.
Құдасын құрметтемей сыйласпаса,
Ағайынның арасында, күнә болар.

Келіннің сүйенері, ене болар,
Енесі өз қызындай, көрер болар.
Келінін баласындай көрмесе ол,
Арасы екеуінің, егес болар.

Баласы кей адамның, ерке болар,
Санасы кейбірінің ерте оянар.
Санасы мезгілімен оянбаса,
Өмірі жанұяның келте болар.

Кейбіреу алып жүрсе, туысады,
Кей адам сәл нәрседен, суысады.
Кейбіреу тәуір жүрсе, ағайыны,
Көре алмай дұшпанша, қуысады.

Азайып бара жатыр, көз көргендер,
Қалмасын арақ ішіп, өзгергендер.
Ағайын, жолдас-жора бола алмайсың,
Арада ұсақ-түйек сөзге ермендер.

* * *

Қарттар күніне

Айтылмай қалған ән

Ағайын құтты болсын қарттар күнің,
Орыны ерекше ғой оның айтса бүгін.

Бұл заман нарық болып,
Отырсыз қарық болып,
Айта-алмай алай-дүлей мұңға батып.

Басқасын айтпағанда,
Жас келіп қартайғанда,
Қол ұшын беретұғын пенде бар ма?

Дүкенде тұрса дағы, қап-қап ұның,
Болса да ала алмайсың, жоқ қой пұлың.

Саудагер болғанменен,
Дүние толғанменен,
Бермейді сізге ешкім арзанменен.

Пенсия ала алмай,
Жүрсіздер ала-жаздай,
Болады енді күнің, қыста қалай?

Аларсың бір қап ұнды екі қойға,
Бір алған болғанменен оңай олжа.

Қиын ғой малы жоққа,
Не жейді келер шақта,
Көпшілік кетіп жатыр, қала жаққа.

Іргеміз сөгілмесін,
Тапшылық көрінбесін,
Сактандар тіршілік қып, ел іргесін.

Ойласам қиын екен өмірінді,
Айтпаймын қалай келер көмірінді.

Шахталар сатылыпты,
Құндары артылыпты,
Қой да жоқ, қиы да жоқ, қиын тіпті.

Қалмандар жерде тақыр,
Келтіріп заман ақыр,
Ойлайтын осыларды, бар ма пақыр?

Азайды жинаған мал елімізде,
Егінде жақсы шықпас жерімізге.

Бартер деп кетіп жатыр,
Басқа жоқ тапқан ақыл,
Үндемей осы халқым, қалай жатыр?

Жүнің де ақша болмас,
Колбаса аста болмас,
Цехыңыз тон тігетін, әсте болмас.

Жаңалық бізде неге орнамайды,
Шаруа қожалығы бола алмайды?

Бар бөлсе көре алмайды,
Жоқ болса бере алмайды,
Жарлығын елбасының қолдамайды.

Көрдіндер серіктесіп,
Жүрсіндер ежіктесіп,
Талабы бұл дәуірдің ерік-несік.

Мұқаң мен Қайсекең жүр арамызда,
Сұраймыз дұға ет деп, барамызда.

Жастары келе жатыр,
Болғанда апыл-ғапыл,
Шығатын молла болып, қайсың батыр.

Бір мешіт салдырайық,
Сыйнған бізге лайық,
Ұрпақты мұсылман ғып, ыңғайлайық.

Береді қиындықты Құдайымыз,
Сынайды қалай ед деп, ыңғайлайық.

Бейнет ет тіршілікте,
Ағайын – біршілікте,
Береке мұсылмандық – кісілікте.

Сау болсын балаларың,
Қолдасын бабаларың,
Мереке күндеріңе, ән арнадым.
1996 ж.

* * *

Қалымжанұлы Қайырдың қазасына (достарының атынан)

Әзілдесіп жүруші ең,
Айнымай бала қалпыңнан.
Еңбекшіл болдың жасыңнан,
Абырой алып халқыңнан.

Ойладың ба бір мезет,
Тиер деп оқ кеудеме,
Ойда жоқта кез болдың,
Жұмысқа асығып келгенде.

Ата-анаң қалды қайғырып,
Достардың өзіңнен айрылып.
Шейт кеттің Қайыржан,
Бейште бол мәңгілік.

Ахметтегі Әубәкірұлы Қомарзияға бағыштаймын

Туып оскен Балқантау Басталында,
Сыйлы болған дос-жаран, ағайынға.
Еңбекте адал, тәрбиелі-тәлімді,
Белгіл бәріңізге Ахметов Қомарзия.

Батпандап келген сырқат жанын жеген,
Еш дауа болмады ғой талай емнен.
Жағдайы жақсы болса да «Арқалықта»,
Бір жаны үшін Қарағандыға көшіп келген.

Қараңызшы бір Алланың құдыретін,
Уақыт келсе шараң барма кідіретін.
Жолдасын аялаған тоғыз жылдай,
Айтамын асыл-жары Сараның қызметін.

Біздер жақсы десекте кісілікте,
Күнәсіз пенде болмас тіршілікте.
Кешір күнәсін әкемнің деп, бәйек болар,
Салюттен кеткен Сұңғатың, ол періште.

Өмірдің түзу жалғаған жалғасын,
Түтінің бар артыңда Болат, Қымбатын.
Соңынан ерген тірегің – інілерің,
Белгілі Қанаш, Сағат, Қанатын.

Ата-ананы ойлап жүдеген, әрқашанда тілеген,
Құрақ ұшқан Рымжан, Сандуғаш, Толқындарың.
Қызығын көрдің жиен немере ұл-қыздардың,
Жебесін ата-баба аруағы, ұрпағың-жұлдыздарың.

Ағасы Қабыш Отан соғысының партизаны,
Бейбітшілік заманында ел басқарды.
Есті азамат Есімбектей бажасы бар,
Ел басқарар Сүлеймен, Айтқазы құдасы бар.

Кезі жоқ арақ ішіп қызып қалған,
Ақша іздеп, уақыт алып қартаға қызықпаған.
Адамның қасиетін танып білген,
Дерсіздер осы Бәтимә бір қызық адам.

Білгің келсе ата-тегі оның Көшім еді,
Заманында бұл әулеттің мәртебесі көш ілгері.
Отыз жылда бір ауыз сөзге келмеген,
Аға-жеңгемдей болған кимас көршім еді.

Бағыштаған дұғамыз бәріміздің қабыл болсын,
Жиналыпты бірі қалмай шықырған туыс-досың.
Жаныңыз жанатта боп әр уақытта,
Басқан қадам ниетпен келгендерге сауап болсын.

Ел мұсылмандыққа көшіп жатыр,
Дұғаңыз Алла үйінде өтіп жатыр.
Бабамның аты өшіп, аудан тарап,
Көз көргендер қалаға көшіп жатыр.

Аман-есен жүріңіздер жер басып бәріңізде,
Елден кеткен жасыңызда-кәріңізде.
Жаксы үмітпен қараймыз келешекке.
Әумин десін, періште ақниет бәрімізге.

20.01.2004 ж.

Сағатұлы Мұқанға арнаймын.

«Қу жалғыз» – деген ат алған,
Тілеп жүрген бала еді.
Сарайында сатпақ жоқ,
Ақкөңіл бір жан еді.

Тоқсанға жасы келсе де,
Қатардан бір күн қалған жоқ.
Оқып біліп тарихты,
Саясаттан да қалған жоқ.

Заманына лайықтап,
Бөркінді қайта ки деген.
Коммунист – ұстаз болса да,
Діннен көңілі қалған жоқ.

Қарияға лайықтап,
Қойды да мұрт-сақалды.
Намазын оқып жөнелді,
Болса да қандай мақамы.

Өмірін көптің білетін,
Көңілмен түзу жүретін.
Үлкенмін деп бәлденбей,
Ағайын, көршіге бірдей кіретін.

Көз көрген бітіп барады,
Көпейлерде аздап қалады.
Қатар жүрген жарасып,
Зекең жалғыз қалады.

Балалардың алдында,
Жөнеліп түзу барады.
Жақсы еді деген ат алып,
Мәңгілік жерге қонады.

Дін де бар дедің қасиет,
Бір ауыз сөзіңіз қалады.
Газет – журнал тәлім боп,
Мирас болып қалады.

Парызын ақтап жолдастың,
Шәкеңе арнап жыр жазған.
Адастырмай жолықтырсын,
Тілеңдер бәрін бір Алладан.

Қадыры елге болған соң,
Жоқтаусыз қария қалмасын.
Бағасын айтып жеткізсе,
Орындалған арман сол.

Қанатың қалды арғында,
Пайғамбардың жасында.
Орныңды басар ізбасар,
Қол жайғызып халқыңа.

Маратың отыр орнында,
Түзу жағып отынды.
Бар жақсылық басыңда,
Атың есте қалады.

Құдай деген құр қалмас,
Алла нұрын төгіп тұр.
Өтірік деп айта алмас,
Халықтың өзі көріп тұр.

Тәттімбет ауылы 5 ақпан, 2003 жыл.

* * *

Құрбымыз Бәнтәй – Маңғазға (Маңғаздың 60-жасқа толуына)

Құтты болсын құрбылар, мейрамдарың,
Толып отыр қызықтап меймандарың.
Шаңыраққа қырық жыл болып, отыр ғой,
Алтын тойды аман-болып, сайрандағын.

Ел ішінде Бәнтәйің әнші-сері,
Сыйлаған ғой өнерін түгел елі.
Жұбың жазбай жүре бер ұзақ жасап,
Бір Алла мен аруақ демеп сені.

Құтты болсын Маңғазжан 60-жасың,
Барша елге сыйлы екен сенің басың.
Шын ниетпен қызықтап тілек айтқан,
Бәтімәдай көз көрген замандасың.

Өскен ұрпақ жайқалған жапырағың,
Құдалармен жалғасар атырабың.
Өсе берсін сендердей өнегелі,
Түзу басып жер-жердің топырағын.

9- наурыз 2003 ж.

* * *

Есжановтар әулетіне

Ұлыстың ұлы тойы елде бүгін,
Құтты болсын бәріңе туған елім.
Алаңсыз өмір кешін әрі қарай,
Жақсы өмірді бәріңіз жалғай бергін.

Ата-ана осы елде үлгі болған,
Салған жолы Ғабеннің түзу болған.
Еңбегі сіңгеннен соң туған жерге,
Ескерткішке көшенің атын алған.

Егемендік келді де елімізге,
Салт-дәстүр қайта түлеп жерімізде.
Риза болмай өлілер, тірі байымас деп,
Қол жайғызды, дұға қылып, бәрімізге.

Оқытқан дұғаларың қабыл болсын,
Әулие – періштелер әумин десін.
Ата-ананың тілеуін түзу ұстап,
Алған қадамдарың құтты болсын!

Балқантау 25 қазан 2003 жыл.

* * *

Баламыз Сүйінбике – Рамазан! (тұңғыш қызы Әлемнің орта мектеп бітіруіне)

Оттың алды, суымның тұнығы едің,
Атам менен енемнің қызығы едің.
Кұдай жазған маңдайға Рамазанмен,
Тұрмыс құрып ауылда тұрып едің.

Қуанышқа жеттіңдер Әлем өсіп,
Той жасадың бүгінде дүрілдетіп.
Тұңғышыңды сендерде қызықтасаң,
Еңбектерің ақталсын білім жетіп.

Жиналыпты ағайын-жастарыңыз,
Ауылдасың, әр-жерден достарыңыз.
Әрқашанда елеулі азамат боп,
Сыйлы болсын еліңе бастарыңыз.

25 мамыр 2000 ж.

* * *

Өр Мәди, әнші Мәди, ақын Мәди,
Теңдік үшін күрескен Батыр Мәди.
Өзі өлсе де тарихта аты қалған,
Тармағы Қазыбектің – жақын Мәди.

Тартынбай сөз сөйлесе кесек-кесек,
Өр сөзіне берген ғой өздері есеп.
Арманшыл азаматты таныстырған,
Аты әйгілі әлемге “Қаракесек”.

Бабына келтірген, қолға алып домбырасын,
Сарсекеев Қайырбектің мысы басым.
“Алтын қорға” қалдырды ағасының,
Талай әнін – Қарқаралы, Үшқарасын.

Тарланы жырлап кеткен Үшқараның,
Өткір тілі жүзіндей ұстараның.
Тірі жүрсе түбімізге жетеді деп,
Қармағына түсіп қалды дұшпанның.

Жақсылықтың бәрін бермес өмір-жалған,
Бір перзент болған екен оған арман.
Ақсайда-Қарқаралы аясында дұға жасап,
Жатыр деп, ақын Мәди қалды жалған.

1992 ж.

* * *

Халық емшісі Бекмұрзаева Зәуреге (кімнің жаны кімнен қалса, сол соның әулиесі)

Ақсұңқар

Ат қойдым Ақсұңқар деп саған Зәуре,
Жүресің халқың үшін болып әуре.
Аян боп аруақтан өзіңізге,
Таратқан тамырыңды сіз әулие.

Қарамай күннің суық дауылына,
Біз келдік “Көктөбенің” ауылына.
Аруақ алып келген әрбір жерден,
Сиямыз бір тарының қауызына.

Біз келдік Қарағанды қаласынан,
Қасиет сезілген соң арасынан.
Жақсылық шарапатын алып жүрміз,
Зәуредей Бекмұрзаның баласынан.

Әуелден әулиесіз ел болмайды,
Зерттесең тарихы жоқ жер болмайды.
Кезінде Қаз дауысты бабам болған,
Қолдамау қасиетін жөн болмайды.

Қолдады қайта құру ислам дінін,
Оқыдық Құдай жоқ деп бұдан бұрын.
Бет бұрыс жасағандар дінге сеніп,
Тағы да көбейсінші ұл мен қызың.

Зарығып іздеп келер анаңызда,
Тарығып сиынады баламызда.
Көп жасап бақытты боп жүре берші,
Зәурежен аман болып арамызда.

* * *

Жайсаңыма

Ата-анаңның жалғызысың,
Бейнетпен өткен жазы-қысың.
Жалғызда болсаң көптей ғып берген,
Жанып бір тұрған жарығысың.

Ата-тегің текті еді,
Арыстандай бетті еді.
Нағашыңда қажылыққа,
Талай – талай беттеді.

Тағдыр ғой қосқан біздерді,
Табыстырмас кімдерді.
Жалғаның беріп, ұрпағың еріп,
Түсірген соқпақ іздерді.

Жайлауда біраз малым жүр,
Шаруа жайлап шалым жүр.
Алладан болсын жақсылық деп,
Шығар бір шықпас жаным жүр.

Қайсар сенің табиғатың,
Жан жолдасым Мағдатым.
Ел үшін қайсар, мен үшін жасаң,
Кезің көп қой бағынатын.

Қатардан әзір қалғам жоқ,
Ән мен жыр, биде арман жоқ.
Неге десең менің шалым,
Көрмей білмей алған жоқ.

2003 ж.

* * *

АНА КӨРГЕН ТОН ПШЕДІ
Мағдат-Батима баласы Сүйінбике өлеңдері

Анам Жолдыбалаға

Өзің барда аста-төк,
Таусылмайтын бұлақсың.
Жайнап тұрған жер мен көк,
Атып тұрған шуақсың.

Бәрімізді жеткізіп,
Тәрбиелеп шыдапсың.
Көйлек пішіп, тон тігіп,
Көрпе, жастық құрапсың.
Бәрімізге беретін,
Қайрат, жігер, қуатсың.
Шөлімізді кандырған,
Жағажайлы суатсың.

Өсіп өндік жасқанбай,
Тұра алмаймыз шаттанбай.
Тартып тұрмыз өзіңе,
Тайға таңба басқандай.

Баласымын Атамның,
Балқоңыры атандым.
Тілмен бәрін жеткізген,
Ұрпағымын бабамның.

Аялаймыз сөзіңді,
Жұмып кетпе көзіңді.
Қанша жасқа келсек те,
Аймалаймыз өзіңді.

* * *

Амантай қайынағама

Ағатайым, құтты болсын 40 жас,
Сізге деген тым ерекше ықылас.
Сыйлай берсін өзіңізге гүл нұрын,
Жылдан жылға әрбір көктем, жаңа жаз.

Үлкені боп арамызда жүріңіз,
Денсау болып ұзақ өмір сүріңіз.
Не жетеді барлығына туыстың,
Ортамызда ойнап, ән сап, күліңіз.

Ортамызда әуелетіп, ән салып,
Әйгілі әнші болыңызшы, танылып.
Жақсы сөзді жарым ырыс дегендей,
Өз ағамдай жүрем әркез сағынып.

Мықты болсын отбасы,
Аман болып бас басы.
Тату болсақ абысын,
Бола жатар басқасы.

* * *

Әділ қазы, асыл тек

Қаз дауысты Қазыбек,
Әділ қазы асыл тек.
Әруағыңа сыйынған,
Ұрпағыңды қолда тек.

Дұрыс болғым келеді,
Шын биікке өрлейтін.
Дұшпан болғым келеді,
Мазакқа еш көнбейтін.

Шын дос болғым келеді,
Өсекке еш ермейтін,
Ғашық болғым келеді,
Махаббатым сөнбейтін.

Туыс болғым келеді,
Сағынғанда кел дейтін.
Қажетінен шығарып,
Дұрыс жолын сермейтін.

Шешен болғым келеді,
Мені ешкім жеңбейтін.
Кетсе басым садақа,
Тілімді ешкім кеспейтін.

Апа болғым келеді,
Бауырларға кейінгі.
Құдай берген қасиет,
Бәрі де ақ пейілді.

Кіші болып тұрады,
Таусылмайды сұрағы.
Кетсем егер көз жазып,
Сағынып бәрі тұрады.

Ысырап қып шашпайды,
Айтқанымнан аспайды.
Ренжіп кейде сөйлесем,
Ашуланып қашпайды.

Ермек, Жанғұтты бауырым,
Алыс-жақын ауылың.
Келесіндер көтеріп,
Өмір жүктің ауырын.

Қаз дауысты Қазыбек,
Әділ қазы, асыл тек.
Әруағыңа сыйынған,
Ұрпағыңды қолда тек!

* * *

Кейбіреулер қазақтың жақсы сөзін,
Қасиет қып бойына баламайды.
Үй сыртында кісі бар деген сөзді,
Сөйлеместен есіне неге алмайды.

Жаманға сырынды айтсаң жарға жығар,
Дегенді көңілінде сақтамайды.
Бір елі ауызға екі елі қақпақ болса,
Өтірік түгіл шындықта тарамайды.

Шындық болса, өзіне неге айтпайды,
Бетіне күліп, сыртынан ғайбаттайды.
Ойнап-күліп, өтірік дос боп жүріп,
Аузыңды аңдып, өсекші жәй жатпайды.

Өздеріне бір мезгіл карамайды,
Әркімді асар өзіндей санамайды.
Екі ортаға сөз тасып шағыстырып,
Арланып ұялмай табалмайды.

Еріккенің ермегі өсек екен,
Өтірікті шындай ғып еседі екен.
Елге жәйіп болған соң шылып етпестен,
Қатысым жоқ менің деп, бөседі екен.

* * *

Баяғының шалы қайда?

Каздай тізіліп,
Кеңсе алдына жайғасыпты.
Қазіргінің шалдары,
Құдайға шүкір.

Жаман емес халдары,
Бастары қосылса.
Өсек-аяң айтады,
Айыздарын қандырып.

Үйлеріне қайтады,
Түк болмағанда.
Бірін-бірі шағады,
Әйтеуір айтатын бірдемені табады.

– Әне, сенің келінің біреумен кетіп барады,
– десе біріншісі,
Екіншісі: – Осы сенің балаң машинасына
көрімдік сұрады ма? – деп жатады.
Үшіншісі: – Әй Бақыт, сенің етігіңнің бауы
ағытылып барады, – деп, өткен-кеткеннің
етек-жеңінен тартып жатады.
Ал, төртіншісі: – Осы Пәленің қызы ақшаны
қайдан табады? – деп, бастарын қатырды.

Осылай ауылдың шалдары,
Күнді батырады.
Айтып, айтпай не керек,
Ақсақалдар қатырады!

Баяғының шалдары,
Шөпті қолмен шабатын.
Борбай еті борша боп,
Табысты өзі табатын.

Қазіргінің шалдарының,
Жағдайы жаңағыдай.
Дұрыс жүріп, дұрыс сөйлейтін,
Шал бар ма баяғыдай?

* * *

Бүгінгінің “Батырлары”

Қатар, қатар азаматтар,
МТМ-ның алдына жйғасады.
Осылай олардың бір күні,
Келесі күнмен жалғасады.

Сонда осы тепсе темір үзетін жігіттер,
Немен айналысады?
Байқасаңыз: Арақ ішіп мас болады екен.
Өсек айтып, өздерінше мәз болады екен.

– Бәленнің әйелі күйеуінің көзіне шоп салып жүр.
– Түгеннің әйелі қайыр сұрап, әркімге қоз салып жүр.
– Кеше қонақта әйелдер мас болып,
Әрең дегенде тарасыпты.
Кемпірлер сарқытқа таласыпты.
– Әй, жігіттер, мына кетіп бара жатқан қыз ба, әйел ме? – деп, шектері қатады.
Ал, сонда өздері
Қандай адамның санатына жатады.
Осылай арақ ішіп, бірін-бірі қажайды,
Үйлеріне келген соң, әйелдерін сабайды.

* * *

Нағыз еркек сөз айта ма осылай,
Қатын-еркек жеткілікті осындай

* * *

Есі кеткен еркектерге

Еркектерде СПИД-ке қарсы,
Иммунитет болса ғой санасында.
Әйтпесе, жолбикеге жолықпай,
Жүрмес еді арасында.

Осы адамдар қызықсыздар,
Қыздарды “Бұзылған, түңгі бикеш
Жезөкше” деп жазғырасыздар.
Әрбірден соң оларды өздеріңіз,
Сондай дәрежеге жеткізіп, жаздырасыздар.
Өйткені,
Ер адам әйелді зорламаса,
Әйелдің ер адамға әлі келе ме?
Келмейді!
(егер ол каратист болмаса
немесе оншақты болмаса!)
Жезөкшенің еркектерді жетектеуге,
Жеткілікті айласы.
Кәсіп қылып жүрер ме еді,
Болмаса егер пайдасы?
Екі төсі бұлтиып,
Көйлектері тыртыып,
Бөксесімен бұлғандап,
Дымы қалмай “Ағайлап”,
Еркектерді арбайды.
Бұрын ондайды көрген де, көрмеген де,
Шыдай алмай,
Емешесі үзіліп,
Өле-өлгенше сүзіліп,
Жан-тәнімен үздігіп,
Жалаңдаған аш иттей,

Арттарынан қалмайды.
Арзан қыздар, жезөкшелер жойылар,
Егер еркектер қалтасындағы,
Ақшасына ие болса.
Гонорея, сифиллис пен СПИД-те жойылар.
Егер әр адам өзінің “шаруасына” өзі ие болса.
Азаматтар, жезөкшелерге жем болып,
Өздеріңіз оларға жол берсеңіздер,
Олар құтырмағанда кім құтырады?
Сонда біздің еліміз,
Жезөкшеден қалай құтылады?
Айтып-айтпай не керек,
Жезөкшенің қызығын,
Көретіндер көріп жүр.
Көрмегендер:
“Қашан көреміз?” – деп өліп жүр.
Ал, арамызда,
Айықпайтын дерт өріп жүр.

* * *

Шымшымалар ... Болатын болды

Әзіл-шыны аралас,
Бос отырған жарамас.
Мұңымызды шағайық,
Ешкім бізді сабамас.

Келесі аптада ақша болатын болды,
Осы уәде сөзге дәмеленіп.
Апта жақындаған сайын әбігерленіп,
Сөйте, сөйте...
Жаңа оқу жылы да болатын болды.

Тағы да...
Оқушы дәптерсіз болатын болды,
Ал мұғалім оқушының алдында,
Дәрменсіз болатын болды.

Сонымен...

Келесі аптада ақша болатын болды,
Деген сөз мұғалімдердің күнделікті,
Тамағы болатын болды.
Азабы болатын болды және,
Мазағы да болатын болды.

Не керек ...

Келесі аптада ақша болатын болды,
Деген сөзге қарнымыз тоятын уақыт болды.
Осы ұранды бір мезгіл жоятын,
Уақыт та болатын болды.

* * *

Құрметті Бәтима апай!

Сізді 50 жасқа толған торкалы тойыңызбен құттықтаймыз!

Өретін сөз өнерін ар атынан,
Сыйлайды үлкен-кіші құрмет тұтып.
Аласарып көрмеген дара тұлғаң!
Өмірдің қасиетін құптадың да.

Кәдімгі қазақи бүкіл дүниеңмен,
Қиындық-қасіреттен бұқпадыңда!
Атандың «Батыр Ана» - ақын Ана,
Дәріптеп қазағымның салтын Апа.

Биіктен биіктерге ұмтыласың,
Тірегін, сүйенішің халқың ғана.
Қуаныш, мақтанышың балаларың,
Аруақты қалдырыпты бабаларың.

Семсердей сөзің беріп, серік болған,
Жолдасың қасыңдағы – салар әнің!
Туысың, ағайының – бар байлығың,
Бақыттан бақыттарға талмайды күн.

Уақыттан уақыттарға қолын созған,
Өмірге өмір берсін жалғайтұғын!
Бір жасап жарты ғасыр жырыңменен,
Елуің құтты болсын бүгін келген.

Тойлайтын жылың болсын бүкіл елмен,
Бір жасап жарты ғасыр амандықпен.
Той болсын күміс көңіл төгілетін,
Той болсын туыс-жақын, балаң күткен.

Құттықтаушылар: күйеу балаңыз – Қаби, сіңіліңіз –Рымкеш,
жиендеріңіз – Еркебұлан, Шыңғыс, Ерлан.

1990 жыл, 23 ақпан.

Мен айтпаймын, көп ақынның бірімін деп,
Елден артық, оқыған білімім деп.
Сезініп оңды-солды жүргеннен соң,
Ойлаймын, мен – көп пенденің бірімін деп.

Ел қатарлы көп оқуды оқымадым,
Шіреніп бастық болып отырмадым.
Болған соң азды-көпті тоқығаным,
Сыйға тарттым, сіздерге оқырманым!

Ақтас ауылы, Қарқаралы ауданы

* * *

СӨЗ СОҢЫ

Қазақтың ұл-қыздарының қанында ақындық пен әншілік өнері туа біткен. Ұлттық дарынның бұл қырларын жеке-жеке айырып қарауға болмайды. Олар қазақтың рухани жаратылысының егіз белгілері. Бүгінгі танымал ақындардың да, жергілікті жердегі ақындардың да негізгі мақсаты – көнеден жат жұртты тамсандырған ұлттық дәстүріміз – ақындық өнерімізді қалпына келтірін, оны ел ішінде ұрпақ тәрбиесінде онтайлы пайдалану, үндестікке негізделген бірегей тіл – сингармониялық ана тілімізді қайта қалпына келтіруге еңбек ету. Сол жергілікті белгілі ақындардың бірі – қарқаралылық Бақриденқызы Бәтима. Қолымыздағы «Балқантау – асыл бесігім» атты еңбек – оның өлеңдер жинағы. Өмірде қандай қызмет атқармаса да, негізгі арманы бала тәрбиелеу, жастарды өнерге баулу болып келе жатқан Бәтима өлеңдерінің негізгі арқауы елге, жерге, құдіретті бабаларға сүйіспеншілік болса, нәтижесі жастарға арналған.

Жалпы еңбекке келетін болсақ, мынадай тұжырымға тоқтаймыз. Өлең тақырыптары өмірден алынған, ойы анық, жеткізуі дәлелді. Қолдан қосқан жасандылық жоқ. Әсіресе, бүгінгі күнімізде қыры мен сыны кетіп жүрген қазақтың бір дәстүрі – ене мен келіннің ара қатынасы адам сүйсінетіндей жазылған. Қазақ шаңырағының шынайы бейнесі келтірілген. Үлкендерге де өнеге боларлықтай суреттелген. Бұл тақырып бүгінгі күні көптеген қариямызды күйзелтіп жүргенін білеміз.

Бәтима жүрегінің тереңінде тек қазақ өнерін шарықтатуға деген ұлы мақсат пен сүйіспеншілік жатыр десек, артық айтқан болмаспыз. Көптің бірі болып, өз бойына біткен ақындық, әншілік өнерін туған жердің жас жеткіншектерінің бойында дамытуға үнемі ұмтылуы – оның туған жер, туған ел алдындағы перзенттік борышы секілді.

Бұл кітапты оқу керек. Оқып өмірде қолдану керек. Арнайы ақындық білім алмаған, ауылдың тума дарыны Бақриденқызы Бәтима бұл күнде алпыстың қырқасына көтеріліп, кемелденіп отыр. Алдағы уақытта өмірге әлі талай тамаша өлең-жыр әкеледі, – деп сенімдеміз.

МАЗМҰНЫ

СӨЗ БАСЫ	3
ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАУЫ	17
Туған жер.....	19
Туған жер толғауы.....	20
Балқантау саздары.....	22
Қарағанды наурызына.....	23
Жәрмеңке әні.....	23
Көш әні.....	24
Наурыз тойында айтылған тілек-бата	25
Алапат аластаса екен арамыздан	26
Қасқырдай торға түскен аласұрдым.....	27
ҰЛЫЛАРДАН ҰЛАҒАТ	29
Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде	31
Қаздауысты бабамның қара тасы.....	32
Бабамыз Би Қазыбек Қаздауысты.....	33
Қаздауысты Қазыбек (Баймағамбеттің Жәкеші айтқан әңгіме – жинаған Р. Бұласай).....	33
Келе жатыр Қаздауысты Қазыбек (С. Ақсұңқардың арнауы).....	38
Атадан қалған асыл сөз.....	40
Қаздауысты Қазыбек Би тойына.....	42
Көңіл сазы.....	43
Қазанғапұлы Тәттімбетке	44
Тәттімбет аты жете берсін шартарапқа.....	45
Тойға толғау	46
Қасым Аманжоловқа.....	48
Сағыныш.....	49
ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕІШІ	50
Енем-анам.....	51
Салт-дәстүрді қайта насихаттау кезеңі.....	53
Айтыс	53
Айрық, Арқалық совхоздары ақындарының айтысы... ..	60
Сыңсу (жаңаша түрі).....	65
Шешенің ұзатылатын қызымен қоштасуы	66
Өмір-сыр, өлең-жыр, кешкен ғұмыр – ол тағдыр	66
Бауырым Мырзатайұлы Нұрбекке.....	67

Азайып бара жатыр көз-көргендер.....	68
Қарттар күніне	69
Қалымжанұлы Қайырдың қазасына	71
Ахметтегі Әубәкірұлы Қомарзияға	72
Сағатұлы Мұқанға	74
Құрбымыз Бәнтәй-Маңғазға.....	76
Есжановтар әулетіне.....	77
Баламыз Сүйінбике-Рамазан!.....	78
Өр Мәди.....	79
Халық емшісі Бекмұрзаева Зәуреге.....	80
Жайсаңыма	81
АНА КӨРГЕН ТОН ПШЕДІ	82
Анам Жолдыбалаға.....	83
Амантай қайынағама.....	84
Әділ қазы, асыл тек	85
Кейбіреулер қазақтың жақсы сөзін	86
Баяғының шалы қайда.....	87
Бүгінгінің «Батырлары».....	88
Есі кеткен еркектерге.....	89
Шымшымалар	90
Құрметті Бәтима апай	92
Мен айтпаймын көп ақынның бірімін деп.....	93
СӨЗ СОҢЫ	94
МАЗМҰНЫ.....	95

Бақриденқызы Бәтима

**БАЛҚАНТАУ —
АСЫЛ БЕСІГІМ**

Басуға 07.07.2005 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16. Оффсеттік қағазы. Көлемі 6,06 ес.-б.т. Таралымы 250 дана. Тапсырыс № 771.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ баспасының баспаханасында басылып шықты
100012, Қарағанды қ., Гоголь к-сі, 38